



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ белсенділігі неге төмен?



«Саяси партиялар туралы» заңның қабылданғанына биыл – 23 жыл. Саяси партия – азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

## ТҮЙТКІЛ

# Озбырмен жұмыстың жүйелі әдісі керек

Әлемнің бірқатар елінде тұрмыстық зорлық көрсеткендерді жазаға тартып қоймай, психологиялық түзету жұмысына жібереді. Мұндай қылмыстың түп-төркіні көбіне психологиялық травмамен, бақылаусыз агрессиямен және теріс әлеуметтік тәжірибемен байланысты. Олай болса біздің елде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткендерді түзеу жұмысы қалай жүріп жатыр және оны жақсартудың жолы бар ма?

Былтыр ішкі істер органдарына отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайлары туралы 100 мыңға жуық хабарлама түскен. Сондай-ақ Жоғарғы Сот 2023 жылы ел соттарында тұрмыстық зорлыққа қатысты 384 қылмыстық іс қаралғаны жайлы «Власть» басылымына ақпарат берген. Ал Ішкі істер министрлігінің бізге берген мәліметінше, биыл 4 айда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 1 111 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Заң қатай-

ып, қылмыс көрсеткіші азайғанымен, осы статистиканың өзі отбасындағы зорлық мәселесінің әлі де ұшығып тұрғанын айқындайды.

Былтыр елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін заң қабылданды. Енді денсаулыққа қасақана жеңіл жарақат келтіргендер екі жылға дейін бас бостандығынан айырылуы, ал ұрып-соққаны үшін 50 тәулікке дейін қамалуы мүмкін. Халықаралық тәжірибе зорлық-зомбылықты

азайтуда жауапкершілікті күшейтіп қоймай, қол көтерген адаммен психологиялық түзеу жұмысын қамау орындарында, бостандықта жүргізеді. Иә, бізде де тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаушылармен профилактикалық әңгіме, психологиялық, әлеуметтік жұмыс қарастырылған.

Қылмыстық атқару жүйесінің мәліметінше, қазір елдегі 78 түзеу мекемесінде 30 мыңнан аса адам жазасын өтеп жатыр. Соның ішінде

ауыр қылмыс жасағаны – 19 008, аса ауыр қылмысқа барғаны 13683 адам. Оларды түзету жұмысына 200-ден аса психолог тартылған. Жалпы Қазақстанның түзеу мекемелерінде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін сотталған азаматтармен психологиялық жұмыс жүргізіледі. Дегенмен бұл жұмыстар көбіне кадр тапшылығы мен бағдарламалардың жетілмеуі салдарынан толық нәтиже бере бермейді. Түзеу жүйесіндегі мамандардың айтуынша, мұндай қылмыс жасағандардың көпшілігі бала кезінен зорлық-зомбылық көріп өскен, агрессияны қалыпты жағдай деп санайды.

Алматыдағы ҚАЖД қарасты қауіпсіздігі аралас №12 түзеу мекемесінде әртүрлі сипаттағы қылмыс жасаған сотталғандар жазасын өтеп жатыр. Мұндағы сотталғандармен түзеу жұмысы қылмысына қарап жеке-дара жүргізілмейді. Барлығына тәртіп ортақ, оларды түзету жұмысы да бірдей. Мекеме ең алдымен олардың әлеуметтік жағдайын, от-

басымен қарым-қатынасын басты назарға алып, қоғамға бейімдеу бағытында жұмыс жүргізеді. Мекеме теологының сөзінше, ай сайын сотталғандардың отбасын, балаларын шақырып ашық есік күні өтеді. Өйткені бұл түзелуге итермелейтін маңызды мотивациялық фактор көрінеді. Құқықтық түсіндіру сабақтары тұрақты түрде жүреді. Әр жасак аптасына екі рет құқықтық сабаққа қатысады. Онда прокуратура, Әділет министрлігі, әлеуметтік қызмет орталығының мамандары заңнамаларға енгізілген өзгерістер туралы кең көлемді ақпарат береді. «Барлық сотталғандар заңдармен, құқықтық өзгерістермен танысады. Жеке сұрақтары барлар мекеме бастығына не тәрбие бөлімінің қызметкерлеріне жеке қабылдауға келе алады. Түзеу мекемесіндегі мәдени іс-шаралар мен психологиялық тренингтерге қатысу әр адамның өз еркінде.

(Жалғасы 4-бетте)

2-бет



Келісімсіз үстеме жұмысқа тарту заңға қайшы

6-бет



Табыстың кілті - бірлікте

8-бет



Қиысқ

ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

ПӘРМЕН

Биыл Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толып отыр. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заң – еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, құқықтық мемлекет құрудың берік іргетасын қалады.

**БАС ҚҰЖАТ –  
ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ**

Конституция – Қазақстан халқының тарихи таңдауы, ұлт бірлігінің, тұрақтылық пен дамудың кепілі. Бас құжат еліміздің саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңа деңгейге көтерді. Ол мемлекеттің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік сипатын айқындап, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық ретінде таныды. Конституция мемлекеттік биліктің бөліну принципін – заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің өзара теңгерімді қамтамасыз етті. Отыз жыл ішінде Қазақстан Конституциясы мемлекеттің дамуына серпін беріп, көптеген сын-қатерлерден сүрінбей өтуіне негіз болды. Бұл жылдарда елімізде бірнеше конституциялық реформалар жүргізілді.

Көз жүгіртетін болсақ, тәуелсіздік жылдары Конституция бірнеше рет өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады. Ең маңыздыларының бірі – 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдум арқылы қабылданған өзгерістер болды. Осы референдум нәтижесінде Конституцияның 33 бабына 56 түзету енгізіліп, жаңадан 2 бап қосылды. Бұл реформаның мақсаты – «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын енгізу, құқықтық мемлекет принциптерін нығайту, суперпрезиденттік басқару моделінен бас тарту және азаматтар құқығын қорғау тетігін күшейту болды.

Сондай-ақ, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде Конституциялық Сот өз жұмысын бастады. Бұл орган – азаматтардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың конституциялық құқығын қорғаудың маңызды кепілі. Конституциялық Соттың құрылуы



**Д. АДАЙБАЕВ,**  
Алматы облысы  
Қарасай аудандық  
сотының төрағасы

еліміздегі құқықтық мәдениеттің және заң үстемдігінің жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетеді. Конституциялық Сот азаматтар өтініші бойынша заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеріп, әділеттілікті қамтамасыз етеді. Бұл орган – Конституцияның үстемдігін нығайтуда шешуші рөл атқарады.

Конституцияның 30 жылдығы – бұл тек мереке емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің жетістігін таразылап, болашаққа сенімді қадам басу кезеңі. Ата Заңға берік болу – әрбір азаматтың борышы, ал оны қорғау – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

**КЕЛІСІМСІЗ ҮСТЕМЕ ЖҰМЫСҚА  
ТАРТУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті тарапынан азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің құқығын қалпына келтіру және қорғау, оңірдің жергілікті мәселелері ерекше назарда ұсталады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қызметінің негізгі мақсаты – халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Көрсетілетін қызметті алушылардың құқығын қорғау және қалпына келтіруді көздейді. Еңбек кодексінде белгіленген талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметшінің жұмыс уақыты аптасына 40 сағатты, яғни, күніне 8 сағатты құрайды. Қалыпты жұмыс уақытын сақтау және үстеме жұмысқа жол бермеу міндетті.

Қызметкерлерді үстеме жұмысқа тарту заңнамамен қатаң реттеледі. Еңбек кодексіне сәйкес үстеме жұмыс тек қызметкердің жазбаша келісімімен және заңмен белгіленген жағдайларда, мысалы, апаттардың, дүлей зілзалалардың немесе басқа да төтенше жағдайлардың алдын алу үшін ғана рұқсат етіледі. Бұл ереже мемлекеттік қызметшілердің демалу құқығын қорғау және олардың жұмыс уақытын сақтауға бағытталған.

Мемлекеттік қызметкерлерді үстеме жұмысқа заңсыз тартқан

жағдайда, жұмыс берушіге айыппұлды қоса алғанда, әкімшілік жаза белгіленеді. Сонымен қатар, қызметкер өзінің құқығын қорғау үшін еңбек инспекциясына немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Биыл I жартыжылдықта мемлекеттік қызметкерлердің үстеме жұмыс жасау жағдайларын ескеру мақсатында мемлекеттік органдарға қатысты қашықтықтан мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында Жетісу облысы бойынша 20 мемлекеттік органды жұмыс уақыты режимі сақталмағаны үшін 141 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді (320 сағат заңсыз үстеме жұмыс жасаулары анықталған). Үстеме жұмыс кезеңдері үшін демалыс сағаттары берілді.

Өз кезегінде, үстеме жұмысқа негізсіз тартуды және заңсыз үстеме жұмыс жасау фактілерін болдырмау мәселесі Жетісу облысындағы Әдеп жөніндегі кеңес отырысында тыңдалып, тиісті ұсыныстар жолданды. Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды, өйткені олар мемлекеттік қызметшілер арасында заң мен әділеттілік үстемдігі қағидадарын бекітуге және мемлекеттік қызметке сенімді нығайтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметшілердің құқығын қалпына келтіру және қорғау жұмысы мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға және мем-

лекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Осыған орай, заңнамаға енгізілген толықтыруларға сәйкес мемлекеттік қызметте икемді жұмыс қарастырылған және оның тәртібі арнайы кестемесі реттеледі. Мемлекеттік қызметтегі икемді жұмыс кестесі мемлекеттік қызметшілер үшін белгіленген жұмыс уақытының нормасын сақтай отырып, өзінің жұмыс уақытын жеке қажеттіліктеріне немесе нақты жұмыс жағдайына сәйкес бейімдеу мүмкіндігі болып табылады. Басшылық пен қызметкердің өзара келісімі бойынша икемді жұмыс кестесін белгілеуге болады, бұл әсіресе мүмкіндігі шектеулі, кішкентай баласы бар, қашықтан білім алып жатқан қызметкерлерге және қызметкерлердің басқа санаттарына қатысты. Икемді жұмыс уақыты режимі себептері, уақыт режимі және икемді жұмыс уақыты кезеңі көрсетілген жұмыскердің өтініші жұмыс берушінің актісімен белгіленеді. Икемді жұмыс уақыты режимін қолдану кезеңі алты айдан аспауы тиіс. Тараптардың келісімі бойынша икемді жұмыс уақыты режимін қолдану кезеңі ұзартылуы мүмкін.

**Қ. Манап,**  
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы**

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

**Прокуратураның құқықтық мемлекеттегі миссиясы**

Конституция үстемдігі принципі негізгі заңның сақталуын қамтамасыз ететін органдар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Конституциялық заңдылықты қорғайтын негізгі институттың бірі – прокуратура.

Конституция – елдің саяси құрылымын бекітетін нормалардың жиынтығы ғана емес, бұл биліктің барлық тармақтары, азаматтар мен қоғам институттары үшін құндылық және нормативтік нұсқаулық. Қазақстанда 1995 жылғы Конституция демократиялық жүйе мен құқықтық мемлекет принциптерін дамытудың берік негізін қалады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы Конституцияның 83-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық құдалауды жүзеге асырады. Ол кез келген нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік органдардың шешімдері мен іс-әрекеттерінің Конституцияға сәйкес келуін қамтамасыз етеді, конституциялық құрылысқа төнген қатерлерге жедел ден қояды, заңсыз шешімдер қабылдауға жол бермейді және азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Конституциялық Сот институтының енгізілуімен прокуратураның онымен өзара іс-қимылы жаңа мазмұнға ие болды. Прокуратура Конституциялық Сотқа жолданым енгізуге байланысты бірегей құқыққа ие бола отырып, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою үшін түбегейлі маңызы бар мәселелерді қарауға бастамашылық жасай алады. Органдар арасындағы мұндай диалог конституциялық бақылау-

дың тиімділігін арттырады. Прокуратура құқық қолдану практикасын жинақтап-қорыту жөнінде өкілетті бар мемлекеттік орган ретінде Конституциялық Сотқа нормаларды түсіндіру немесе оларды конституциялық емес деп тану қажеттігі туралы негізделген уәждерді ұсынады. Осы тетіктің арқасында конституциялық мәселелер шие-

құқықтық білім беруді, органдар мен халықты әдістемелік түсіндіруді талап етеді және бұл жерде прокуратура бұл шешімдерді құқық қолдану тәжірибесіне аударудың негізгі құралы. Сонымен қатар, прокуратура Конституциялық Сот шешімдерінің мәнін – халқына жарияланымдар, түсініктемелер және ашық баяндамалар арқылы жеткізуді қамтама-

185 дәріс оқыған, 83 ақпараттық хат жолдаған.

Заң немесе өзге де құқықтық акт не олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған жағдайда оларды қолдану кезінде өзгеше түсіндіру болмайды, ал мұндай шешім қабылдаудың салдары, егер Конституциялық Сот өзгеше белгілемесе, аталған Конституциялық заңның 63-баптың 3-тармағында айқындалады. Демек, негіз болған жағдайда, Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларына қайшы келетін соттар мен басқа да құқық қолдану органдарының шешімдерін қайта қарау және күшін жою үшін шаралар уақытылы қабылдануы керек.

Мысалы, Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын орындау барысында квазимемлекеттік сектор субъектілеріне басқару функцияларын орындауға байланысты емес лауазымға жұмысқа қайта қа-



*«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңның 62-бабына сәйкес, Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағындануға жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Сот айқындайды.*

ленісуді күтпей, қағидадар деңгейінде шешілген кезде мемлекеттің құқықтық саясатына белсенді көзқарас қалыптасады.

Прокуратура қызметінде Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын орындау мәселесі ерекше орын алады. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңның 62-бабына сәйкес, Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағындануға жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Сот айқындайды.

Оларды жүзеге асыру тек ресми түрде жүзеге асыруды ғана емес, сонымен қатар терең талдауды,

сыз етеді. Бұл әсіресе азаматтар құқығын қорғауға қатысты, мысалы, әлеуметтік қорғау, әділеттілік, сөз бостандығы саласында және т.б. жағдайларда өте маңызды.

Мысалы, 2025 жылдың I жарты жылдығында Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары мен ұсынымдарын түсіндіру мақсатында прокурорлар 39 семинар, 119 жиналыс, 51 дөңгелек үстел өткізіп,

былдаудан бас тарту фактісі анықталып, Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы апелляциялық өтінішхат енгізіп, Б.М.-ның жұмысқа қайта алынғанын қамтамасыз етті. Сөйтіп, Конституциялық Соттың №26 нормативтік қаулысында көрсетілген Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары жүзеге асып, прокурорлық ден қою актісі толықтай қанағаттандырылып, азаматтың кон-

ституциялық құқықтары қорғалды.

Сонымен қатар, Конституциялық Соттың №37 нормативтік қаулысын іске асыру шеңберінде Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасымен қамалған С.Н.-ды әкімшіліктің медицина қызметкерлерін шақыру туралы өтінішін елемесіне байланысты өзіне зиян келтіруге үшін өз қызметіне тәртіптік изоляторға жабылғаны анықталған. Сәйкесінше, уақытылы прокурорлық қадағалау актілері енгізіліп, мекеме басшысы қаулысының күші жойылып, мекеменің күзет режимі белімінің инспекторы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Осылайша, прокуратура органдары өз қызметінде құқықтық мәтінді шындыққа айналдырып, әрбір азаматтың нақты құқығының толықтай жүзеге асырылуына атсалысып келеді.

Бұл мысалдар – Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының конституциялық қадағалауы формальдылық емес, құқықтық мемлекеттің жанды және тиімді құралы екенін көрсетеді. Қазақстандағы конституциялық қадағалау – прокуратура негізгі рөлді бірін атқаратын тұтас жүйенің миссиясы. Оның бірегейлігі қадағалау, норма шығару, талдау және құқық қорғау функцияларын біріктіруде.

Конституцияның қоғам өмірінің айнасы әрі үнемі жетілдіріліп отыратын тірі акті ретіндегі рөлі күшейген дәуірде прокуратура негізгі заңды жүзеге асырудың кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда бұл миссияның заңдылықты нығайтудан бастап қоғамдық құқықтық мәдениетке дейінгі барлық деңгейлерде жүзеге асырылуы бұрынғыдан да маңызды. Ал бұл жолда прокуратура – Қазақстанның толыққанды құқықтық мемлекетке апаратын негізгі жетекшілерінің бірі болып табылады.

**Жансая ИМАНҒАЗИЕВА,**  
**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Норма шығармашылық қызметін үйлестіру департаментінің Нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қадағалау жөніндегі басқармасының аға прокуроры, заң ғылымдарының кандидаты**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ НЕГЕ ТӨМЕН?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол себепті Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғанына бес жылдан астам уақыт өткенін, осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениеті өзгергенін және пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болғанын атап өтті. Сондай-ақ қазақстандықтардың әкімдерді тікелей сайлау жүйесін енгізу туралы талабы бойынша 2021жылы ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгенін, содан бері 2,5 мыңға жуық әкім сайланғанын да білеміз. Бұл – барша ауыл әкімдерінің 90 пайызға жуығы екенін еске алып, «2023 күзде алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлай бастадық. Барлық облыста 45 әкім жаңа тәсілмен сайланды. Біз сайлау нәтижесін және сайланған әкімдердің жұмысын жан-жақты зерделедік. Соның қорытындысы бойынша түбегейлі шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап жаңа жүйеге біржола көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай, яғни ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді. Бұл да – саяси жүйені реформалау ісіндегі кезекті маңызды қадам. Саяси реформа – бір реттік науқан емес. Мемлекеттің дамуына қажет болса, реформалар осылай үздіксіз жалғаса береді», – деген кезде елдегі саяси партиялардың қызметі жанданып, партиялық жүйенің дамуында жаңа кезең басталады деп үміттенгендер аз болмады.

Алайда 1 жылдың ішінде айтарлықтай үлкен өзгеріс болған жоқ. Оған тамыздың үшінде өткен Алматы облысы Райымбек ауданы

әкімінің сайлауын мысалға келтіруге болады. Оны Райымбек ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 16 маусымда тағайындаған болатын. Ал 17 маусымнан бастап әкім болуға кандидаттарды ұсыну басталып, кандидаттарды ұсыну 3 шілдеде аяқталды. Өкінішке қарай оған елдегі жеті партияның ішінен тек «AMANAT» партиясы ғана өз үміткерін ұсынды. Ол – Ұйғыр ауданы әкімінің орынбасары Дастан Құдабаев. Онда оған өзін-өзі ұсынған Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығының орынбасары Ержан Байқоныс, Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының Ономастикалық жұмыс және талдау бөлімінің басшысы Айбол Нүсіпқожаев қарсылас атанды.

Бір қызығы, бұл сайлауды өзге партиялардың бірі білмей қалса, екіншісі өздері үшін оны маңызды шара деп санамаған. Мәселен, «Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртай: «Алматы облысында біз ауылдық округ әкімдерінің сайлауларына қатыстық. Бірақ Райымбек ауданы әкімінің сайлауы өтетінін білмей қалдық. Өйткені ақпаратты жергілікті сайлау комиссияларынан аламыз ғой. Негізі бізде Қазақстанның барлық өңірлерінде ауыл, аудан әкімдігіне үміткерлер бар. Кейбір кезде жергілікті сайлау комиссиялары ақпаратты сайлау уақыты келген кезде ғана жариялайды. Оған дейін оны құпия ұстайды. Осындай бір жөнсіздік бар. Үміткерлер дайындалып үлгермейді. Жергілікті деңгейде ойындар бар сияқты. Оны алдағы уақытта бақылауда ұстаймыз» деп отыр.

«Respublica» партиясының баспасөз хатшысы Әйгерім Оразалиева болса: «Партия бұл сайлауға кандидат ұсынуды жоспарлаған жоқ. Қазір

гі кезеңде біз партияның бағдарламаларын жүзеге асыруға, халықпен тығыз жұмыс істеуге және алдағы сайлау науқандарына дайындыққа басымдық беріп отырмыз» дейді. Ал «Ауыл» партиясының Медиа коммуникациялар департаментінің бастығы Айсана Қаһарман сауалымызды тыңдап, 15 минуттан кейін өзін қайта хабарласам деп сол күйі хат-хабарсыз кетті. Кейін партияның аймақтық филиалының басшысының нөмірін жазып хабарлама жіберіпті. Ол кісі де қазіргі уақытта жауап бере алмайтынын, бірақ жақын арада байланыстын айтып, хабарсыз кетті.

Әрине, аудан әкімін сайлауға үміткер ұсыну әр партияның өз шаруасы. Алайда 2023 жылғы

дан әкімінің сайлауы бұған дейін соңғы рет 2023 жылы 5 қарашада өткен болатын. Ол кезде де Жамбыл және Балқаш ауданы әкіміне тек «Amanat» ғана өз үміткерлерін ұсынып, өзгелері сайлау додасынан сырт қалған болатын. Соның нәтижесінде билік партиясы сенім артқан Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертасұлы өзін-өзі ұсынған Ақтерек ауылдық округінің әкімі Ғани Шортанбаев пен Жамбыл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Жанғали Базарбаевтан басым түскен. Оған аудандағы 105 895 сайлаушының 58 661-і дауыс берген.

Amanat-тың үмітін арқалаған Балқаш ауданы әкімінің орынба-

саяси партиясы; «Байтақ» партиясы; «Respublica» партиясы. Осының ішінен «Байтақтан» өзгелері 2023 жылғы 19 наурызда өткен Парламент сайлауында қажетті дауысқа ие болып, Мәжілісте өз депутаттарының ұсынып, фракцияларын құруға қол жеткізді. Ал Биыл жыл басында Орталық сайлау комиссиясы саяси партияларға бюджеттен бөлінетін жылдық қаржының көлемін жариялаған еді. Онда 2023 жылғы Парламент сайлауында 3431510 дауыс жинағандықтан «AMANAT» бюджеттен жылына 8,7 млрд теңгеден астам қаражат алатыны айтылды. Ал 693 938 дауыс жинаған «Ауыл» партиясына 1,7 млрд теңге; 547 154 дауыс жинаған «Respublica» партиясы 1,3 млрд теңге; 432 920 дауыс жинаған Қазақстан Халық партиясы 1,1 млрд теңге; 535 139 дауыс жинаған «Ақ Жол» 1,3 млрд теңге; 331058 дауыс жинаған Жалпыұлттық социал-демократиялық партия 846 млн теңге қаржыға ие болмақ.

«Саяси партиялар» туралы заңның 18-бабы бойынша саяси партияның жылдық қаржылық есебі жыл сайын

*Әрине, аудан әкімін сайлауға үміткер ұсыну әр партияның өз шаруасы. Алайда 2023 жылғы Парламент сайлауы кезінде «Түлденсе ауыл - түлденеді еліміз» деп ұрандатқан «Ауыл» партиясының Алматы облысының ең шалғайда жатқан және көршілес Қытай мен Қырғызстанмен шектесетін шекаралық ауданындағы маңызды сайлаудан сырт қалғаны көңілге кірбің түсіретін жағдай болғаны анық. Бұған дейін де ауылдық округтер мен аудан әкімдерінің сайлауында үміткер ұсына алмаған саяси партиялар 2027 жылғы Парламент сайлауында «AMANAT» партиясын биліктен ығыстыратынына сенім аз.*

Парламент сайлауы кезінде «Гүлденсе ауыл – гүлденеді еліміз» деп ұрандатқан «Ауыл» партиясының Алматы облысының ең шалғайда жатқан және көршілес Қытай мен Қырғызстанмен шектесетін шекаралық ауданындағы маңызды сайлаудан сырт қалғаны көңілге кірбің түсіретін жағдай болғаны анық. Бұған дейін де ауылдық округтер мен аудан әкімдерінің сайлауында үміткер ұсына алмаған саяси партиялар 2027 жылғы Парламент сайлауында «AMANAT» партиясын биліктен ығыстыратынына сенім аз. Өйткені Алматы облысында ау-

сары Азат Құтпанбетов те өзін-өзі ұсынған Бірлік ауылдық округі әкімі Ернұр Елубаев, Балқаш ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғалым Нарбаев, жеке кәсіпкер Ақшабай Нұрхановтан көп дауыс жинап, өзінің лауазымдық қызметінде бір саты ілгерілеген еді. Оған 18452 сайлаушының 9779-ы сенім артқан.

Жалпы Қазақстанда қазіргі таңда 7 саяси партия бар. Олар: «Amanat» партиясы; «Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы; Қазақстан Халық партиясы; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы; «Жалпыұлттық социал-демократи-

республикалық баспасөз басылымдарында жарияланады. Саяси партияларға бөлінетін бюджет қаржысының жұмсалыуын бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бюджет қаржысының тиімді жұмсалыуын қадағалайтын Үкімет мүшелері мен оның ашықтығын талап етіп жүрген Парламент депутаттары саяси партиялардың бюджет қаржысын қалай, қайда жұмсап жатқанын қашан сұрайды?

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУДЫҢ жаңа форматы

Ақмола облысында жүзеге асырылып жатқан «Зиялы қауым» бағдарламасы өткен дәуір құндылықтарын сақтай отырып, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тың бастама. Сонымен бірге, қоғамдық санада жауапкершілік пен бірлікті күшейтуге негізделген жаңа серіктестік форматы десек қателеспейміз. Бұл жоба ауыл тұрғындары мен полицияның арасын жалғайтын алтын көпірге айналып, қоғамдағы заң мен тәртіпке деген құрметті жаңа деңгейге көтеріп келеді...

Бағдарлама аясында құрылған қоғамдық кеңестер, облыс әкімдігі мен Ішкі істер министрлігінің үйлестірілген жұмысы құқықтық тәртіптің нығаюына, ауыл-аймақтардың қауіпсіз әрі тыныш мекенге айналуына мүмкіндік беріп отырғанын атап өткен жөн.

Ақмола облысында құқықтық тәртіпті нығайтудың жаңа форматы қоғам тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігін орнықтыруда өркеніетті мемлекеттің ажырамас тірегіне айналғанын атап өткен жөн. Оған дәлел тек заң үстемдігі орнаған елде ғана әділет салтанат құрып, дамудың даңғыл жолы кеңейе түспек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Ұлттық қауіпсіздіктің іргетасы – ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісім» болғанда ғана оң нәтижеге жетпек. Осы мақсатта еліміздің барлық өңірлерінде құқықтық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы

күрестің жаңа жолдары іздестіріліп келеді. Соның жарқын мысалы – Ақмола облысында жүзеге асырылып жатқан «Зиялы қауым» бағдарламасы.

Ауылдан басталған жаңа идеология 2023 жылы өңірде бастау алған бұл бірегей жоба ауыл тұрғындарын құқық қорғау саласына серіктес етіп тартуға бағытталыпты. Аталған бағдарламаның басты мақсаты – қылмыстың алдын алу, заңға бағынатын және салауатты қоғам құру, ауылдық жерлерде құқық бұзушылықтардың түп-төркініне үңіліп, оның шешу жолдарын жергілікті жерден табуды көздейді. Бұл ретте учаскелік полиция инспекторларымен біріге жұмыс істеу – ауыл әкімдіктері, ардагерлер, ұстаздар, кәсіпкерлер мен діни көшбасшылардың күнделікті тәжірибесіне айналғанын атап өткен жөн. Бұрын құқық қорғау органдарына тек сырттай үміт артатын



ауыл жұрты, енді қауіпсіздікке жауапты ортақ субъект ретінде әрекет ете бастаған.

**Қоғамдық кеңестер – жаңа әлеуметтік институт**  
Жаңа форматтағы мұндай қоғамдық институттың артықшылығын облыстық полиция департаменті де оң бағалап, жұмыстың біршама ширай түскенін алға тартты.

– Бағдарлама шеңберінде әр ауылда беделді азаматтар мен полицияны біріктіретін қоғамдық кеңестер құрылды. Бүгінде Ақмола өңірінде барлығы 138 қоғамдық кеңес құрылып, олардың құрамына 840 адам енген. Бұл – ірі мемлекеттік құрылыммен иық тірестіре жұмыс істей алатын, өз ортасының тыныштығы

үшін алаңдайтын азаматтық қоғам өкілдерінің жаңа легі. Мұндай кеңестер – жай ғана жиналыс өткізетін ұйым емес. Олардың көмегімен ауылдағы ішімдікті тыйып, тұрмыстық жанжалдардың алдын алып, жастармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сондай-ақ полицияның учаскелік инспекторларымен тығыз байланыста көлемді жұмыс жүргізілуде, – дейді Ақмола облысы полиция департаментінің ресми өкілі Гүлнәр Пинчук.

Мәселен, бағдарлама жүзеге асырыла бастағаннан бері облыстың 98 ауылында бірде-бір қылмыс тіркелмеген, ал 31 елді мекенде ішімдік ішу деректері мүлдем жойылғанын атап өткен жөн. Бұл – тек бір реттік жетістік емес,

жұмысқа жауапкершілік пен жергілікті серіктестіктің нақты жемісі екені сөзсіз.

**Кеңесшілер институты – әкімдіктер мен халықтың арасын жақындатты**

Ішкі істер министрлігі жариялаған профилактика-ка жылы аясында Ақмола облысының әкімдігі құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша кешенді жоспар бекітіп, барлық аудандарда қауіпсіздік мәселелері бойынша әкімдердің кеңесшілері лауазымы енгізілген-ді. Бұл кеңесшілер жергілікті жерде құқықтық тәртіпті сақтау, жұртшылықпен жұмыс істеу, профилактикалық шаралар ұйымдастыру бойынша бастамаларды үйлестіруді қолға алған. Нәтижесінде халық пен билік арасындағы байланыс жанданып, мәселені ерте кезеңде шешуге мүмкіндік пайда болған.

2023 жылдан бері Ақмола облысында жалпы құқық бұзушылықтар саны 21,6 пайызға, яғни 2311-ден 1811-ге, жалпы қылмыстар 30,3 пайызға, нақтырақ айтсақ 2050-ден 1428-ге, ауыр қылмыстар 27,5 пайызға азайып, 501-ден 363-ке кемісе, аса ауыр қылмыстар 52,1 пайызға төмендеп, яғни 48-ден 23-ке дейін қысқарған.

Сондай-ақ, өңірде бұзақылық әрекеттер – 23,5 пай-

ызға, ұрлық – 30,2 пайызға, денсаулыққа ауыр зиян келтіру деректері 23,5 пайызға дейін азайғаны анықталды. Бұл тек құрғақ статистикалық мәліметтер ғана емес, әр санның артында отбасының тыныштығы мен әрбір баланың қауіпсіз балалық шағының кепілі тұрғаны рас.

**Ұлттық қауіпсіздіктің іргетасы**

Мемлекетімізге төнетін қауіптер тек сырттан келмейді. Адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, діни экстремизм, есірткі бизнесі, сыбайлас жемқорлық, браконьерлік секілді ел ішіндегі сын-қатерлерге қарсы тұру үшін жүйелі, кешенді және қоғамдық деңгейде күрес жүргізу қажет. Осы тұрғыдан алғанда «Зиялы қауым» – құқықтық мемлекет құру жолындағы жаңа парадигма болмақ. Бұл орайда өңірде пайда болған бұл жоба өзінің өміршеңдігін дәлелдеп те отыр. Сондықтан өзге өңірлерге үлгі болуға әбден лайық.

Ақмола облысында қолға алынған «Зиялы қауым» бағдарламасы – құқықтық тәртіпті сақтаудың, қауіпсіз қоғам құрудың, мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтудың табысты тәжірибесіне айналды. Бұл бастама көрсетіп отырғандай, қоғамдық тәртіп – тек полицияның емес, тұтас ұлттың ортақ мұраты болуы тиіс. Өйткені заңға құрмет – елге құрмет. Ал елге деген құрмет – әр азаматтың жүрегінен басталуы керек...

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
Ақмола облысы



# Озбырмен жұмыстың жүйелі әдісі керек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кейбірі «маған керегі жоқ», «ештеңе өзгермейді» деп қатысудан бас тартады. Бірақ уақыт өте келе өзгелердің өзгергенін көріп, олар да қызығушылық танытады», – дейді телолог Айболат Ержанұлы.

Шымкент қаласы және Түркістан облыстық ҚАЖД №54 мекемесінің Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуаныш Қасымбековпен де тілдескен едік. Ол қызмет істейтін мекемеде 800-ден астам сотталған бар. Осынша адамға мекеменің тәрбие бөлімінде үш психолог маман жұмыс істейді. Оның екеуі штаттық қызметкер, біреуі келісімшартпен тартылған. Орташа қауіпсіздік деңгейіндегі түзеу мекемесінде де әртүрлі, негізінен ауыр қылмыс жасағандар жазасын өтейді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін сотталғандар да бар. Бірақ бұл сан нақты айтылмайды. Өйткені біздің елдегі түрмелерде жақындарын жазып қылып, озбырлық көрсеткендердің есебі бөлек жүргізілмейді. Басқа қылмыстармен бірдей «адам өлтіру» бабымен үкім шығарылады. Жалпы алғанда, олардың үлесі шамамен 10 пайызға жуық. Мұнда да сотталғандарға бірдей күн тәртібі мен тәрбиелеу процесі қарастырылған, ешкімге ерекше түзеу жұмысы жүргізілмейді.

«Отбасына озбырлық қылғандарды тәрбиелеу не түзету жұмысының арнайы бағдарламасы болмайды. Сотталғанның жүріс-тұрысынан қандай да бір ауытқу байқалып немесе психолог тарапынан ұсыныс берілгенде ғана оларға ерекше бақылау қойылады», – дейді ол. Оның айтуынша, осындай қылмыспен түскендердің шамамен 40 пайызы қайта қылмыс жасайды. Кейбір сотталғандар сот шешімінен жазасының бір бөлігін шартты жазаға ауыстыру арқылы пробация қызметінің бақылауына беріледі. Егер олар белгіленген тәртіпті бұзса немесе пробациялық бақылауға уақытылы келмесе, сот қаулысымен қайтадан осы мекемеге жіберіледі. Мұндай сотталғандарды мерзімінен бұрын босату немесе жазасын жеңілдетуге ауыстыру мүмкіндігі сотпен қарастырылады.

## Қорлық көрсеткенді кім түзейді?

Алматы облысы және Жетісу облыстық ҚАЖД-не қарасты №10 мекемесінде қазір 700-ге жуық әйел жазасын өтеп жатыр. Олардың арасында қиын өмірлік жағдайда болған, талай жыл зорлық көру салдарынан қылмысқа барған тағдыры түрлі жандар отыр. Ал осындай психологиялық көмек аса қажет мекеменің өзінде 2 психолог жұмыс істейді. Оның бірі – Аянат Минжанова. «Бізге ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар да кездеседі. Арасында өз отбасындағы ұзақ жылдық қорлық пен қысымға шыдай келе, ақыр соңында ауыр қылмысқа барған әйелдер де аз емес. Әйелдердің дер кезінде отбасынан кетпей, соңына дейін шыдап қалуының ең басты себебі – ұлттық менталитет. «Ұят болады», «Балаларың үшін шыда» деген сияқты ұғымдар қазақ әйелінің санасына бала кезден сіңірілген. Әйелдер көбіне «Бәлкім, ертең бәрі өзгереді» деп үміттенеді. Алайда осының бәрі кейін өте күрделі, қайғылы оқиғаларға әкеліп соғуы мүмкін», – дейді маман.

«Жалпы алғанда, психологтар қаншалықты көп болса, соғұрлым жақсы. Бұл салада артық маман болмайды», – дейді Аянат Минжанова. Өйткені әрбір сотталғанмен жеке жұмыс жүргізу керек, ал бұл үлкен жауапкершілік пен уақытты талап етеді. Оның үстіне күнделікті бір маманның бет-жүзін көре беру де сотталғандарды мезі етуі мүмкін. Сондықтан түрме психологы сырттан мамандар шақырып, сотталғандармен тренингтер ұйымдастыруды

дәстүрге айналдырудың маңызын ерекше айтып өтті.

Шымкент қаласындағы №54 түзеу мекемесінің психологы Мәлдір Жайсанбекова мекемедегі 800 сотталғанның психологиясын өзгертуді міндетіне алған штаттағы екі маманның біреуі. Өйткені үшінші психолог келісімшартпен жұмыс істейді. Ал мұнда жеңілден бастап ауыр қылмысқа барғандар отыр. Әр психолог күніне кемінде 30-40 адаммен жұмыс істейді. Бірінші кезекте есепте тұрған, жоғары қауіп санатына жататын сотталғандармен, ары қарай бейімделіп, өзін-өзі тәрбиелеу дағдысы қалыптасқандармен жұмыс жалғасады.

«Кейбір сотталғандарға тренинг әсер етпесе, терең психологиялық жұмыс жүргізуді қайта басынан бастаймыз» – дейді ол. Өкінішке қарай, осындай кезеңде үкіметтік емес ұйымдар тарапынан кәсіби психологтардың қолдауы ауадай қажет. Бірақ нақты бірлескен бағдарламалар жүзеге асырылмаса да, жылына төрт рет арнайы уақыт белгіленген. Сол кезеңдерде басқа өңірлерден психолог мамандарды шақырып, шаралар өткізіледі. Түзеу мекемесінде күнделікті жұмыс істегендіктен, кейде олар мекеме психологына бәрін ашық айта бермеуі де мүмкін. Сондықтан сырттан мамандардың келуі жұмысты жеңілдетеді алады. Әлгінде айтқандай, мұнда да сотталғандар жеке және топтық жұмыстарға қатысудан бас тарта алады. Оларды мамандардың мәжбүрлеп психологиялық жұмысқа тартуға құқығы жоқ. Мәселен, кейбір сотталғандар топтық тренингке қатысудан бас тартады. «Мұндай жағдайда біз олармен жеке жұмыс жүргіземіз. Кейбірі «бостандыққа шыққан соң әйелімнен немесе оның ата-анасынан кек аламын» деп ашық айтады. Бұл олардың әлі де түзелуге дайын емесін көрсетеді. Ондай сотталғандармен жеке жұмыс жүргіземіз, олардың өткен өмірін, отбасындағы жағдайын, психологиялық жарақатын зерделейміз», – дейді ол.

Әртүрлі мінез-құлқындағы сотталғандарды түзеуге 3 психологтың тартылуы дұрыс емес. Сонда әрбір 100 сотталғанға 1 психологтан келеді. Топтық жұмыстан бас тартатын, мінез-құлқын өзгерту қиын, агрессивті адамдарды жеке қабылдау мамандардың жұмыс сапасына кері әсер етері анық.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2023 жылғы наурыздан 2025 жылдың қаңтарына дейін елде Фридрих Эберт қорының әдістемелік қолдауымен ODARA тұрмыстық зорлық-зомбылық тәуекелін бағалаудың халықаралық құралын енгізуде пилоттық жоба жүргізілген. Сол кезде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар мен азаматтардың қайталама өтініші 15-тен 7,9%-ға азайған. Агрессор психологиялық курстан өткен отбасыларда тұрмыстық жанжал қайталанбаған. Осы пилоттық жоба барысында алынған деректер негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылық тәуекелін бағалауда отандық стандарт әзірленіп, бекітілген. Озбырларға арналған кешенді психологиялық жұмыстың нәтиже беретіні осыдан белгілі. Десе де шетелдегідей үйдегі жуан жұдырықты жөнге салатын нақты бағдарлама мен міндетті терапия түзеу мекемелерінде түбегейлі енгізілмей отыр.

Мәселен, адвокат Айман Омарова «сотталғандармен жұмыс істеуде толық жүйе қалыптаспаған, түзеу жүйесі шын мәнінде дұрыс жұмыс істемейді» дейді. Оның сөзінше, сотталғандардың ешқайсысымен сапалы психологиялық жұмыс жүрмейді. Біз әлі күнге дейін психология деген ұғымның маңызын толық түсініп, қабылдай алмай келеміз. «Қазір жұмыс істеп жүрген психологтардың басым бөлігі тек формалды тесттермен шектеліп отыр. Олар бір стандартты әдістемелерді жаттап алған, бірақ терең психологиялық талдау жасау,

нақты жағдайды зерттеу, әлемдік тәжірибені салыстыру деген секілді ғылыми тәсіл мүлде қолданылмайды. Мысалы, тұрмыстық зорлық көрген әйелдің немесе зорлық-зомбылық құрбаны болған баланың психологиясын зерттеу, оны сауықтыру өте нәзік әрі кәсіби тәсілді талап етеді. Бұл бағытта шетелдік тәжірибе, әсіресе АҚШ, Германия сынды елдердің әдістемелері алдыңғы қатарда тұр», – дейді ол.

Оның пайымынша, егер біз шын мәнінде реформаны жүзеге асырғымыз келсе, оны азаматтық қоғамның, құқық қорғаушылардың, халықаралық ұйымдардың қатысуымен, ашық диалог және деректерге негізделген тәсілмен жүзеге асыруымыз керек. Түрме – бұл жай ғана жазалау орны емес, бұл – адамды қайта әлеуметтендіруге, оның жеке басын түзетуге бағытталған әлеуметтік институт болуға тиіс.

Бүгінде көптеген дамыған, соның ішінде АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Норвегия, Австралия сынды елдерде отбасында күш көрсеткен сотталғандармен арнайы психологиялық түзету бағдарламалары міндетті түрде жүргізіледі. Олар абақтыда отырса да, бостандықта шартты жаза алса да бұл бағдарламадан өтпей қалмайды. Бұл жұмыстармен кәсіби мамандар айналысады. Кейбір елдерде арнайы дайындықтан өткен түзету кенесшілері, клиникалық психологтар, тіпті топтық терапия жүргізетін әлеуметтік қызметкерлер тартылады. Мысалы, Ұлыбритания Әділет министрлігі келтірген қапаратқа сүйенсек, IDAP бағдарламасы бес кезеңнен тұрады. Ал АҚШ-та сот шешімімен міндетті түрде тағайындалатын Batterer Intervention Program түзету бағдарламасына қатысудан жалтарса, қылмыстық жауапкершілік қарастырылып, жауапты адам қайтадан сот алдына шақырылады. Құрбанды қорғау шаралары күшейтіліп, электронды білезік, қозғалысты бақылау құрылғылары тағайындалуы мүмкін. Айталық, 2022 жылы Калифорния штатындағы Мемлекеттік аудитор кеңсесінің штат губернаторы мен заң шығарушы жетекшілеріне жазған ресми хатында VIP бағдарламасы аяқтамаған қатысушылардың қайта қылмыс жасау деңгейі 65% болса, бағдарламаны аяқтағандардың көрсеткіші 20% құрағанын келтіреді.

## Түзету бағдарламасының тиімділігі бар

Тақырыпты зерттеу барысында біз АҚШ-тың Миннесота штатындағы дәл осындай Domestic Abuse Project жобасының атқарушы директоры Амиртини Кифиді әңгімеге тарттық. Оның айтуынша, бағдарлама 1975 жылы басталған. Бұл зорлықты тоқтату жауапкершілігін тек жәбірленушіге емес, ең алдымен, соны жасаған адамға жүктеу мақсатында қолға алынған шешім болыпты. Бағдарлама қатысушымен кемінде 36 сағат жұмыс жүргізеді. Ұйым жәбірленушімен байланысып, зорлық-зомбылық көрсеткен адамның бағдарламаға қатысып жатқанын хабарлауға міндетті. Сондай-ақ бір уақытта жәбірленушіге көмек ұсынылады. Бұдан бөлек, орталық абыюзер жеке бағдарламадан толық өткенге дейін жұптық терапия жүргізбегуі міндетті. Бұл жәбірленушінің бірлескен сессия кезінде қорқыныш пен қысымға ұшырамауы үшін қажет. Қазір олардың бағдарламасы 22 сессиядан тұрады. Бұл жеке және топтық терапия болып бөлінеді. Мамандардың басым бөлігі лицензияланған психотерапевт, психолог, әлеуметтік қызметкер, отбасы, неке мәселесі жөніндегі кеңесші және басқа да сала мамандары.

«Біздің топтар ашық түрде өтеді. Бір ме-

зетте бағдарламаның соңғы аптасына жақындағандар, енді ғана келгендер және бағдарлама ортасына жеткендер қатар отырады. Мұндай қатысушылар өз өзгерістері туралы ашық айтып, не істеу керектігін жақсырақ түсінеді. Олар топтағы басқа ер адамдармен осы тақырыптарды еркін талқылайды», – дейді Амиртини Кифи.

Оның айтуынша, орталық қызмет көрсететін адамдар тұрмыстық зорлық жасағаны үшін кінәлі деп танылған. Кейде ажырасу, баланы тәрбиелеу құқығына қатысты дау-дамаймен жүргендерді де судья осы бағдарламадан өтуге жібереді. «Біздің клиенттердің 98%-ы осындай жолмен бізге бағыталады және бағдарламаға қатысу олар үшін міндетті. Ал қалған 2%-ы ерікті түрде келгендер. Болашақта жұмыс ауқымын кеңейткіміз келеді. Осылайша бізге адамдар өз еркімен, қандай да бір айып тағылмай тұрып келсе деген үмітіміз бар. Сонда біз оларға сот араласпай тұрып ертерек көмектесе аламыз», – дейді спикеріміз.

Сондай-ақ олар рецидивті бағалаудың негізгі әдісі ретінде ашық қолжетімді деректер базасына сүйенеді. Бұл база арқылы белгілі бір адамның қылмыс жасағаны немесе айыпталғаны жөнінде ақпарат алуға мүмкіндік бар. Бағдарламаны аяқтағаннан кейін бір жыл өткен соң, осы базадан оның аты-жөнін тексеріп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жаңа айыптар бар ма, соны қарайды. Орталық түйектерінің 98 пайызы бір жыл ішінде қайтып қылмыстық жүйеге оралмайды, тек 2 пайызы ғана қайтадан айыпталды.

Айтқандай, бастапқы кезеңде келушілермен тек психикалық денсаулық саласындағы лицензияланған мамандар жұмыс істейді. Ал олардың кәсіби дағдысына қатты мән беріледі. Орталық соңғы үш жылда топтарға қосымша жүргізуші мамандарды шақыра бастапты. Мәселен, олардың арасында бұрын түрмеде отырған, өмірінде зорлық-зомбылық көрсеткен адам бар. Топ жүргізушілері арасында бұрын зорлық-зомбылық құрбаны болғандар бар. Жалпы алғанда, әр топта бір ер және бір әйел жүргізуші болуы назарға алынады. Бұл тәсіл арқылы қатысушылар ер мен әйелдің сау қарым-қатынасын мен тең әріптестігін көре алатынын жеткізген ол «Біздің бағдарламаның бір бөлігі зорлық-зомбылықтың балаларға әсері туралы сессия. Осы сессияға қатысқан бір түзелуші бұл жұмыстың өзіне қатты әсер еткенін айтты. Бұл оның өміріндегі бетбұрыс сәт болды. Балаларына деген жанашырлығы оны серіктесіне де жанашыр болуға итермеледі», – дейді.

Қарап отырсақ, шетел тәжірибесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткендермен жасы, жасаған қылмысына қарай түзеу жұмысы жүреді. Ал біздің елдегі түзеу мекемелерінде барлық сотталғандармен бірдей әңгіме жүргізеді. Сондай-ақ бұл сабақтар негізінен сотталғанды түзеуден гөрі, әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа қайта әлеуметтендіруге бағытталған. Бостандыққа шыққаннан кейінгі бақылауда да әлеуметтендіруге басты назар аударылады. Қажет болған жағдайда психологиялық көмек жеке берілуі мүмкін. Ал адам толық жазасын өтеп шықса, бақылауда тұрмайды, тек қылмыстық есепте болады. Тіпті, біздің кейіпкерлеріміз айтқандай, пробациялық бақылауда да психологиялық сабаққа қатысу ерікті түрде өтеді. Сондықтан мемлекеттік деңгейде нақты зорлық жасаушыларға бағытталған осындай міндетті түзету бағдарламасы бізге де енгізілгені дұрыс. Бұл тек қауіпсіз қоғам құру үшін емес, зорлықтың қайталануын азайтып, мыңдаған әйел мен баланың өмірін сақтап қалудың жолы. Өйткені қылмыскермен жеке жұмыс жүргізетін кәсіби мамандар саны мен сапасын арттырып, психологиялық диагностика мен жеке түзету жоспарын жасау тәжірибесін енгізу уақыт талабына айналып отыр.

## Жадыра МҮСІЛІМ

**Бұл материал шешім журналистикасы жарында Solutions Journalism Lab II жобасы аясында дайындалған және автордың жеке көзқарасын білдіреді.**

**DOMESTIC ABUSE PROJECT (МИННЕСОТА):**

22 сессия (топтық + жеке)

**Жетекшілер:**

Лицензияланған психотерапевтер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, отбасы және неке мәселелері жөніндегі кеңесшілер және басқа да салалық мамандар

Бұрын сотталғандар және жәбір көргендер

**8 топ жұмыс істейді:**

- 5 – ерлерге арналған
- 1 – 18–24 жас арасындағы жастарға
- 2 – өзін қорғап, бірақ жауапқа тартылғандарға

**Қайталану көрсеткіші:**

Бағдарламаны аяқтағандардың 98%-ы – қайта қылмыс жасамайды

**ҚАЗАҚСТАН ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ**

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК:**

- ✓ Шымкент және Түркістан облысы №54 мекемесі
- ✓ 800 сотталғанға – 3 психолог
- ✓ Біреуі келісімшартпен тартылған

**ҚЫЛМЫС СЕБЕПТЕРІ:**

- ✓ 70% – тұрмыстық жанжал, психологиялық қысым салдары
- ✓ 30% – әлеуметтік жағдай жақсы, бірақ мас күйде/есірткімен

**ЖАЛПЫ СТАТИСТИКА:**

- 30 000+ сотталған адам
- 78 түзеу мекемесі
- Аса ауыр қылмыс – 13 683
- Ауыр қылмыс – 19 008
- 200+ психолог жұмыс істейді

**КАЙТАЛАНУ:**

- ✓ Тұрмыстық зорлық жасағандардың 40%-ы қайта қылмыс жасайды

**АЛМАТЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ №10 МЕКЕМЕСІ:**

- ✓ 700-ге жуық әйел сотталған
- ✓ Тек 2 психолог жұмыс істейді.

**ЕЛДЕГІ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ФОРМАТЫ:**

- ✓ Жеке қабылдау – күнделікті
- ✓ Топтық жұмыс – аптасына 2 рет
- ✓ Әр психолог – күніне 30-40 адаммен жұмыс істейді



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Әділбай Жарасбайұлы, ең алдымен мемлекет тарапынан көрсетілетін тегін заң көмегі жайлы таратып айтып берсеңіз.

– ҚР Конституциясында әрбір азаматтың білікті заң көмегін алуға құқығы бары нақты жазылған. Ал заңда көзделген жағдайларда бұл көмек тегін көрсетіледі. Солардың бірі – кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегі. Ол азаматтарға, соның ішінде әлеуметтік осал топтарға заңмен белгіленген тәртіпте ұсынылады. Бұл көмек «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

Тегін құқықтық заң көмегі әрі халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру күн тәртібіндегі аса өзекті мәселе. Бұл көмек үш түрде жүзеге асады. Біріншіден – құқықтық ақпарат беру, яғни азаматтың өз құқығы мен міндеттерін түсінікті тілмен жеткізуге бағытталады. Екіншіден – құқықтық кеңес беру, яғни нақты жағдайға байланысты кеңес ұсынуға баса назар аударылады. Үшіншіден – қорғау және өкілдік қызметтері, мұнда азаматтың мүддесі сотта немесе өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда заң жүзінде қорғалатынын атап өткен жөн.

– Аталған көмекті кез келген азамат ала ма, әлде тек белгілі бір топтарға ғана арналған ба?

– Кепілдендірілген заң көмегін алу құқығы бәріне бірдей емес. Тек заңмен нақты белгіленген тұлғаларға ғана беріледі. Мәселен, алимент өндіру, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау, оңалту, қандас немесе босқын мәртебесін алу секілді мәселелер бойынша жүгінгендерге көрсетіледі. Сондай-ақ, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, сексуалды зорлық-зомбылыққа, терроризмге

## ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІ – ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК БАСТАУЫ

немесе адам саудасына ұшыраған жандар, денсаулығына зиян келтірілген азаматтар да осы құқықтық көмекті ала алады. Бұған қоса, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар, көпбалалы аналар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, зейнеткерлер мен кедейлік шегінен төмен табысы бар отбасылар да кәсіпкерлікпен байланысты емес мәселелер бойынша тегін заң көмегіне жүгіне алатынын атап өткен жөн.

Ең алдымен, олар заң көмегіне тепе-тең қол жеткізу құқығына ие. Сонымен қатар бұл азаматтарға өз құқықтары мен бұл көмектің шарттары туралы ақпарат алу, заң көмегін көрсететін тұлғаларға тікелей жүгіну, көмекті қабылдау не одан бас тарту, заңгердің әрекетіне не әрекетсіздігіне шағым түсіру мүмкіндігі берілген. Бұдан бөлек, заң көмегі көрсетілген мәселеге қатысты құпиялық сақталуына да құқығы бар екенін атап өтпекке болмас.

– Қорғау және өкілдік қызметтері нақты қандай жағдайда көрсетілетінін айта кетсеңіз.

– Мұндай көмекті әкімшілік жауапкершілікке тартылып жатқан тұлғалар, сондай-ақ азаматтық немесе әкімшілік істерге қатысушылар, тіпті қылмыстық процестегі тараптар, яғни күдікті, айыпталушы, сотталушы, жәбірленуші сияқты тұлғалар да ала алатынын атап өткен жөн. Бұл көмек азаматтың тұрғылықты мекенжайына қарамастан, Қазақстан аумағындағы кез келген өңірде көрсетіледі.



– Бүгінде Әділет департаменті тарапынан осы бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Біз адвокаттар, заң кеңесшілері, жеке сот орындаушыларымен бірлесіп отырып, халыққа түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеміз. Кепілдендірілген заң көмегінің маңызын ашып, халықты құқықтық сауаттылыққа баулу – басты мақсатымыздың бірі. Бұл бағытта облыстық және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар,

телерепортаждар, тікелей эфирлер үнемі жарияланып отырады.

– Тегін заң көмегін алу үшін қайда жүгінуге болады?

– Ақмола облысының тұрғындары облыстық адвокаттар алқасына, заң кеңесшілері палатасына немесе Әділет департаментіне жүгіне алады. Байланыс нөмірлері де қолжетімді. Сонымен қатар, «Е-Заң көмегі» атты ақпараттық жүйе арқылы онлайн түрде де өтініш қалдыруға болады. Бұл жүйе – заң көмегін көрсету және алу процесін автоматтандыруға арналған бірінші платформа. Мұнда заңгерлер мен азаматтардың тікелей байланысқа шығып, онлайн немесе офлайн түрде қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылған. Жүйе құқықтық көмекті оңтайлы әрі жедел форматта ұсынуға бағытталған.

– Облыс көлемінде қанша азаматқа заң көмегі көрсетілді?

– Тек жыл басынан бері ғана Ақмола облысында 6 322 азаматқа кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегі көрсетілді. Олардың ішінде 4092 қылмыстық іс бойынша, 90 азаматтық іс бойынша, 227 әкімшілік іс бойынша заң көмегі көрсетілсе, 1 913 жағдайда азаматтарға жалпы құқықтық кеңес берілді.

– Сұхбатыңызға рақмет. Еңбегіңіз жансын!

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы



## ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР: ЖАУАПКЕРШІЛІК КІМДЕ?

27-29 шілде күндері өткен «Түнгі қаладағы балалар» атты республикалық деңгейдегі жедел-профилактикалық іс-шара жасөспірімдер қауіпсіздігі мен олардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды бастамаға айналды. Баланың түнгі мезгілде ата-анасыз ойын-сауық мекемелерінде немесе бейсауыт көшеде өз бетімен жүруі – оның өміріне төнген қауіптің бастауына айналуы әбден мүмкін. Осыны ескерген тәртіп сақшылары мен басқа да мүдделес мемлекеттік мекемелер кешкі және түнгі рейдтерді күшейтіп, заң талаптарының сақталуына баса мән беріп келеді.

Шымкенттік тәртіп сақшылары бір кісідей жұмылдырылған ауқымды шара нәтижесінде, түнгі сағат 23:00-ден кейін тұрғын үйден тыс жерлерде заңды өкілдеріңіз жүрген 138 жасөспірім, сондай-ақ ойын-сауық орындарында болған 16 бала анықталды. Қадағалаусыз қалған 12 жеткіншек арнайы бейімдеу орталығына жеткізілсе, құқық бұзуға бейім 10 жасөспірім мен 4 жауапсыз отбасы ішкі істер органдарының есебіне алынғаны мәлім болды. Сонымен бірге, 154 әкімшілік құқық бұзушылық фактісі тіркеліп, ата-аналарға тиісті ескерту жасалған. Полиция бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас қоғам болып аса жоғары мән беретін мәселе екенін назар аударды.

– Жүргізілген профилактикалық шаралар нәтижесінде анықталған бұл көрсеткіштер – қазіргі қоғамда бала тәрбиесі тек отбасының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігіне айналғанын көрсетіп отыр. Өйткені бүгінгі ұрпақ – ертеңгі елдің тірегі, ертеңгі мемлекеттің иесі. Сондықтан, балалардың дұрыс бағытта тәрбиеленуіне барынша мән беру қажет, – дейді Шымкент қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева

### ЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП ЖАЯУЛАРДАН ДА ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Жол үстіндегі тәртіп – тек жүргізушілердің ғана емес, жаяу жүргіншілердің де жол қозғалысындағы саналы әрекетіне тәуелді. Осыны ескерген Шымкент қаласының полиция қызметкерлері, 28-30 шілде аралығында «Жаяу жүргінші» атты арнайы іс-шара

ұйымдастырып, жол қозғалысы ережелерінің іс жүзінде орындалуына бақылау жүргізді. Нәтижесінде тек екі күн ішінде ғана 2761 құқық бұзушылық анықталып, соның ішінде 530-ы жаяу жүргіншілер тарапынан жасалғаны бел-



гілі болды. Тәртіп сақшыларының айтуынша, бұл – құқықтық сауаттылық пен тәртіпке деген көзқарасты түбегейлі қайта қарау қажеттігін аңғартады.

### ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ БІРТҰТАС МАЙДАН

Шымкент қаласының полиция департаменті мен шаһар әкімдігі бірлесіп «Террористік тұрғыдан осал нысандарды қорғау» тақырыбында көлік инфрақұрылымы нысандарының басшыларымен маңызды кездесу ұйымдастырды.

– Терроризм қатері бүгінгі заманда тұтас дүниежүзін алаңдатқан аса қауіпті әрі қоғамның әрбір өкілінен қырағылық пен жауапкершілікті қажет ететін мәселе. Сондықтан да тұрғындардың кез келген жағдайға дайын болып, елдің қауіпсіздігі мен

тұрақтылығын қамтамасыз етуде саналы әрекеті мен жауапкершілігін, жинақылығы мен дүрлігуден аулақ болуға, сондай-ақ салқынқанды әрекет етуге бейімдеу күн тәртібінде тұр. Ұйымдастырылған шарада алдағы уақытта да бұл мәселеге барынша назар аудару қажеттігі аталды, – деп түйіндеді Бағлан Исатаева.

Шымкентте жүргізіліп жатқан барлық профилактикалық және құқықтық шаралар – елімізде жүзеге асырылған «Қауіпсіз қоғам», «Заң және тәртіп», «Құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» сияқты ұлттық жобалардың өңірде іс

жүзінде орындалып жатқанының айқын көрінісі. Бұл бастамалар тек құқық бұзушылықпен күреске бағытталап қоймай, қоғамда алкоголь мен темекіге тәуелділікке, бейқандық пен салғырттыққа, әлеуметтік немісқайшылыққа қарсы күрестің кешенді негізін қалап отырғанын атап өткен жөн.

Қоғамдық тәртіп – халықтың өркениеттік деңгейінің көрсеткіші десек қателеспейміз. Өйткені, заңды құрметтеу – тек қорқыныштан туындаған әрекет емес, бұл – ұлтқа, болашаққа деген шынайы жанашырлықтың айғағы. Шымкент қаласында қолға алынған жүйелі жұмыстар – мемлекеттің тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы нақты әрі нәтижелі қадам.

Майра Тоқанова,  
Шымкент қаласы



Сыбайлас жемқорлықпен күресте мемлекеттік қызметшілерге қойылар талап әрқашан жоғары. Бұл ретте мемлекеттік қызметкерлердің этикалық мінез-құлық талаптарын, заңмен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды, еңбек тәртібін, іскерлік киім үлгісін, т.б. заңмен белгіленген нормаларды сақтауының маңызы зор. Өйткені, бұл талаптар адам бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

## ЭТИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда Мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексі маңызды рөл атқарады. Қызметкердің аталған кодекстегі әрбір қағиданы ұстануы оның халық пен мемлекет алдындағы міндетіне адалдық танытуына кепіл болады.

ҚР Судьяларының Әдеп кодексіне сәйкес, сот билігінің беделін түсіріп, абыройына нұқсан келтіретін, сондай-ақ, сот төрелігінің әділдігі мен бейтараптығына күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен өзін аулақ ұстау маңызды басты міндеті саналады. Мәселен, судья сот төрелігін жүзеге асыруда қандай да бір сыйлықтар немесе жеңілдіктер мен артықшылықтар, өтеусіз көрсетілетін қызметтер алудан өзі ғана бас тартып қоймай, отбасы мүшелері мен процеске қатысушы адамдарға да тыйым салғаны абзал.

Сонымен қатар, судьядан жеке таныстық пен байланыстарда талғампаздық талап етіледі. Сот процестерінің қатысушылары, т.б. қаржылық міндеттемелер туындататын азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасудан аулақ болғаны жөн. Себебі, адам тағдырын таразылар қазылардың болмыс-бітімі әділ шешімдерімен бірге отбасы мен қоғамдағы ізгі қасиеттерінен де көрінеді.

Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауларында, т.б. келелі кеңестер мен басқосуларда мемлекеттік қызметке, оның ішінде сот билігіне кездейсоқ адамдардың еніп кетпеуі жемқорлықтың алдын алатын басты құрал екенін ылғи да қаперге салады. Соған орай, судьялар мен судьялық қызметке үміткерлерге қойылар талаптар жылдан-жылға күшейтіліп жатыр. Бұл өз кезегінде жауапкершілікті одан әрі жоғарылатады.

Елімізде сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қолданы-

латын жаза түрлері қатаң. Бұдан әрі нақтыласақ, сыбайлас жемқорлық жасағандар мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмысқа орналасу мүмкіндігінен өмір бойына айрылады. Бұған қоса қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары дербес жауап береді. Әрі ҚР Мемлекеттік қызмет туралы, тағы басқа заңдармен жемқорлыққа қарсы жауапкершіліктер белгіленген.

Елдің болашағына қауіп төндіретін жемқорлықтың жолын кесу азаматтардың адалдығы мен белсенділігіне тікелей байланысты. Олай дейтініміз, өз бойында жемқорлыққа қарсы төзбеушілік иммунитетін қалыптастырған адам қандай лауазымды қызмет атқарса да, этикалық стандарттарды қатаң сақтайды. Сонымен бірге, айналасының қоғамның айықпас дертіне айналған жегіқұрты жемқорлықтан таза болуына үлес қосары анық.

Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп стандарттарын сақтауы сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың негізгі тетігі саналады. Сондықтан, оның әрбір бабы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыруға бағытталған. Барлық салаға дендеп енген жемқорлықты жою мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар еліміздің әрбір азаматынан жоғары деңгейдегі жауапкершілікті талап етеді. Жемқорлықсыз қоғам құру халық алдындағы басты парызымыз екенін баса айтқым келеді.

Гүлнар Бектұрғанова,  
Алматы қаласы  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
сотының судьясы

КӘСІБІҢ-НӘСІБІҢ

# ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ - БІРЛІКТЕ

«Арайлым» мейрамханасының иесі **Жахангер Сарыбайдың** кәсіпке келу жолы өзінше бір дастан. Кәсіпкер табысты болу жолындағы қиындықтарын, өмірлік сабақтарын біздің оқырмандарға әңгімелеп берді. Әр кәсіптің жолы ауыр, нәсібі берекелі. Ендеше, мақмұнды әңгімеге назар салыңыз.

Жахангер ата-әжесінің қолында тәрбиеленген. Атасы қайтыс болғаннан кейін, әжесі саудамен айналыса бастайды. Мектеп табалдырығын аттай қоймаған Жахангер де әжесіне көмектесіп, жазда қарбыз сатсады. Ол 13 жасқа толған кезде әжесі өмірден өтеді де, өз ата-анасының қолына барады. Мектепте оқып жүрген кезден-ақ «өскенде кім боласың?» деген шығармаға «мейрамхана ашып, кәсіпкер боламын» дейтін көрінеді. Жахангер халықты әбігерге салған тоқырау заманда небәрі 16 жаста еді. Ол тоғызшы сыныпты бітіргеннен кейін бизнеске бет бұрды. Әкесі Сұлтанғали да жұмыссыз қалған кезде саудаға араласқан еді. Жас Жахангер де қарап отырмай әкесіне көмектесіп, Алматыдан киімдер алып келіп сата бастады.

**ӘРБІР БИЗНЕС БІЛІММЕН ЖЕТІЛЕДІ**

Әрбір бизнестің өз қиындығы болады. Саудада да үлкен жетістікке жету үшін ізденіс қажет. Негізі үлкен мейрамхана ашпас бұрын ұсақ-түйек кәсіптен бастаған абзал. Өйткені, сол арқылы тәжірибе жинақтайсың, ашқан бизнесті дамыту үшін одан түскен қаржыға заттың түрін көбейту керек. Кәсібіңнің қаржысын өзіне жұмсап, артылғанын жинай білу де өнер. Бизнесті қарызға ақша алып бастаған дұрыс емес. Себебі, жылдар бойы жасаған еңбең тек қарызыңды өтеуге кетеді. Тағы бір есте сақтайтын жәйт, бизнесте білімді жетілдірудің нәтижесінде халықтың көңілінен қалай шығуға болатынын білесің, маркетинг жағын да тиімді реттеуді үйренесің. Қолың бос кезде бизнес жайында кітаптарды көп оқыған абзал. Бизнеске білімнің жетік болса, өзің де шашырамай, жолың болып, кедергілерден сүрінбей өтесің. Бизнес тақырыбындағы тренинг-семинарларға қатысу міндетті түрде керек. Маркетологтардың кеңесіне жүгініп, олардан кеңес алғанның еш айыбы жоқ. Себебі,

бизнес те бір орында тұрған жоқ, күн санап түрленіп жатыр. Менің тәлімгерім әжем болды. Кезінде ол кісі «балам сауданы жақсылап меңгер, келешекте сауда сенің наның болады» деп айтып отыратын. Маған бизнестің дала заңы көп нәрсені үйретті. Жеке кәсіп саласынан



ешқандай хабарыңыз болмаса, «мен кәсіпкер боламын» деп бірден бастап кету дұрыс емес.

**КЕНТАУДА БІРІНШІ БОЛЫП ҚАРБЫЗ САТТЫМ**

Олай дейтін себебім, 1985 жылдары базарда сауда жасап отырған қазақ баласын ешкім көрмейтін. Ол кезде қарбызды мәшинеге тиіп алып аралап жүріп сататын. Ал, біз базардан арнайы орын алып, арнайы қарбыз сататын дүңгіршек жасадық. Базарда отырып қарбыз сату пайдалы болды. Соның арқасында кәсібімді дамыттым. Осыдан жиырма бес жыл бұрын осы ғимаратты сатып алдым. Сөйтіп, қала тұрғындарына тіске басар, кофе, шәй ішетін орын жасадым. Менің бизнес саласындағы тағы бір негізгі қатаң қағидамның бірі – отбасылық

бизнес болғандықтан, өзге адамды жұмысқа алған емеспін. Отбасымның мүшелері – осы мекеменің қызметкерлері. Сондықтан да оларға өз уақытымен, тіпті сағат-сағатымен жалақыларын беріп отырамын. Өйткені, «Арайлым» кафесі біздің сүйенетін қабырғамыз секілді, сенімді бизнесіміз. Кафені ашқаннан кейін де қарбыз сатуымды тоқтатпадым. Ал мейрамханадан бір жарым жылға дейін пайда таппадым. Мейрамхана желісінен бірден қомақты қаржы табу қиынның қиыны. Сондықтан

Бизнеске жүргеніме қырық жылдан асса да, бұл саланы әлі меңгеріп келем. Оның үстіне кафе бизнесі тіпті кенжелеп қалған. Себебі, қазақ бір-бірімізге тамақ сатпаған қонақжай халықпыз. Сондықтан да танысымыз келсе, оған қонақжайлық танытып, тамақты тегін беретін кезіміз де болады. Сонымен қатар, бизнестегі ең үлкен және көп кездесетін қателіктің бірі – адамға сеніп қалу. Кей жағдайда біреу саған тауарды жеткізіп бермеуші болады, сен алдын ала ақшанды төлейсің, ал ол затыңды әкелмей қалатын да сәттер орын алады. Сондай қиындықтан шығудың жолын іздеп, кафеге келуші клиенттерге әрбір зат пен тағамды уақытында сапалы жетуін қадағалаймын. Сапасыз зат сатып, бизнесіңді дамыта алмайсың. Сапасыз зат сатсаң, клиенттер кафеңе келмейді. Сондықтан да әрбір келуші адамға кафеңің жайлылығымен қатар, сенің көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуың да үлкен әсер қалдырады.

**КАФЕ АШУ ҮШІН ИДЕЯ МЫҚТЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ**

Бала күнімде әкеме кафе ашып беруді армандайтынмын. Міне, сол арманым жүзеге асқанына шүкір етемін. Әкем осы күнге жете алмаса да, анамыз жанымызда. Кафенің атын қою да үлкен жұмыс болды. Анам, әйелім үшеуіміз ақылдаса келе кішкентай қарындасымның атымен «Арайлым» деп атадық. Өзіміздің идеямыз бойынша кафені безендірдік. Ас мәзірін де өзіміз дайындадық. Бұл кафе болғандықтан, келген қонақ жайланып отырып, әңгімелесіп, емін-еркін отыратын аураны сезіне алатындай дизайнға жасадық. Өйткені, кафе дегеніміз – жүгіріп келіп қарнын тойғызып кететін асхана емес, келген қонақтарға жайлылық қалыптастыратын орын болу қажет. Міне, жиырма бес жылдық еңбектің арқасында отбасымды және балаларымды аяққа тұрғызып, оларды оқытып, қызымды қияға, ұлымды ұяға қондырып жатырмын.

**ОТБАСЫЛЫҚ КОМАНДА – СЕНІМДІ ТІРЕГІҢ**

Олай дейтін себебім, отбасының әрбір мүшесі бизнесте жетістікке

жеткенге ұмтылады. Жастайымнан саудаға араласқандықтан, еңбекқор болып өстім. Алғашқы кезде анам Ұлбосын Сарыбаева маған көмек беріп, жол сілтеді. Әлі күнге дейін әрбір істі бастарда анаммен ақылдасып отырамын. Үйленгеннен кейін келіншегім Меруерт Адисаламқызы көмектесетін болды. Мен сататын заттарды әкелемін, әрі сатамын. Ал, әйелім аспаз болды. Біздің ұсынған тағамдарымыз халықтың көңілінен шығып, күн санап клиенттер де көбейе бастады. Әйелім бала күтімімен үйде отырған кезде, аспаздық жұмысқа анам келетін. Балаларымды да бизнеске ерте араластырдым. Бизнес те – еңбектің бір түрі. Жастайымнан еңбекқор болып өскен балаларымның да жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Сөйтіп, отбасылық командамен бірге дамып, машықтанып, көп нәрсені үйрендік. Балаларыма да бұл бизнес саласы қызық көрінеді. Отбасында ынтымақ, ауызбіршілік қалыптасады, сенімді отбасылық команда ертеңгі күні мықты тірегіңе айналады.

**КӨПБАЛАЛЫ ӘКЕМІН**

Ауырлыққа сабыр қылсаң, жақсылыққа ниеттенсең, еңбектенсең, қиындықтың бәрін жеңуге болады. Балаларым – байлығым. Әйелім екеуіміз 2 қыз, 3 ұл тәрбиелеп отырмыз. Оларды ешқашан көпсінбейміз. Алды ер жеткенде кейінгілерін өсіруге жәрдемдеседі, бір-біріне қарайды, бір-бірін оқытады, сол жағы ата-анаға үлкен көмек. Анам Ұлбосын Әбуқызы балаларымды тәрбиелеп өсіруге үлкен қолғабыс тигізуде. Біздің бизнесте жетістікке жетуімізге мүмкіндік берген әуелі Алла, екінші анам деп білемін. Әйелім Меруерт қазіргі таңда мектепте мұғалім болып жұмыс жасайды. Жұмыстан шығысымен кафеңің жұмысына араласады.

Кәсібінен нәсібін арттырып отырған Жахангер Сарыбайдың өнегелі өмірі, сапалы әңгімесі өмірін енді бастаған, кәсіп таңдауда қиналып жүрген жандарға сабақ болары талассыз.

**Раушан НАРБЕК**

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## КЕШЕНДІ КҮРЕС НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Шымкент қаласында қауіпсіздік, заңдылық және құқықтық ағартушылық бағытындағы жұмыстардың кешенді түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйесімен жабдықтау, терроризмге қарсы қорғаныс тетіктерін нығайту, адам саудасына тосқауыл қою, жастардың құқықтық сауатын арттыру және құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» саясатын орнықтыру бағытында жүргізілген кешенді шаралар мен нақты деректер қоғамда құқықтық сананы қалыптастыруға тың серпін беріп келеді.

**МЕКТЕПТЕРГЕ 10 МЫҢНАН АСТАМ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ ОРНАТЫЛАМАҚ**

Қауіпсіздік – басты құндылық. Әсіресе, мектеп оқушыларының амандығы мен өмірінің қауіпсіздігі – мемлекет назарында. Осыған орай, Шымкент қаласында мектептерге заманауи бейнебақылау жүйелерін орнату бастамасы қолға алынды. Жергілікті полиция қызметі бейнебақылау камераларын орнату қауіпсіздіктің артуына оң ықпалын тигізетінін, қылмыстық оқиғалардың алдын алуға кедергі туындататынын атап өтті.

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, 100-ден астам адам шоғырланатын мекемелер террористік тұрғыдан осал нысандар санатына жатады. Олардың қауіпсіздік жүйесі жедел басқару орталығына қосылып, тәулік бойы бақылауда болуы тиіс. Қазіргі кезде кей мектептерде бұл талап толық орындалмаған. Бір ғимаратта камера бар болғанымен, екінші қанаты бейнебақылаусыз қалуы оқыс оқиға-

лардың себебін анықтауға кедергі келтіріп жатады, – дейді Шымкент қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Осы олқылықты жою үшін жобаны іске асырушы компания жыл соңына дейін 4,5 млрд теңге инвестиция салмақ. Жалпы 5,5 млрд теңге көлеміндегі қаржы үш жылға бөлініп, сервистік қызмет түрінде ай сайын төленеді. Келісімшарт бойынша компания төртінші жылы қызметін тегін көрсетіп, бес жылға кепілдік береді. Полиция деректеріне жүгінсек, жоба аясында 10 мыңнан астам заманауи цифрлық камера орнатылуы тиіс.

Қазір мектептерде тұрған 2600-ге жуық аналогтық камера техникалық талаптарға сәйкес келмейді және жедел басқару орталығына бейімделмеген. Олар толықтай жаңартылып, полициямен тікелей байланысқа шыға алатын жүйеге көшіріледі, – деп толықтырды Бағлан Исатаева.

Камера орнату барысында адам құқығы мен жеке кеңістік ұғымы да назардан тыс қалмапты. Мәселен, дәретхана сияқты жеке аймақтарға камера қойылмайды. Ал оқу кабинеттері қоғамдық кеңістік саналады. Сол себепті ондағы бақылау заңға қайшы келмейді.

**АТА ЗАҢ – ӘДІЛЕТТІҢ АЙБАРЫ**

Құқықтық мемлекет құруда елдің басты заңы – Конституцияның маңызы аса зор. Өйткені қауіпсіз болашақ үшін әр азамат Ата Заң қағидаларын санасына сіңіре білуі тиіс. Осы орайда Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай Шымкент қаласының Жастар ресурстық орталығында «Ата Заңым – айбарым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген еді. Оған прокуратура мен полиция өкілдері, қала жастары қатысты. Кез-



десуде Конституцияның мазмұны, қоғамдағы орны мен рөлі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі маңызы туралы терең түсініктер берілді. Спикерлер заңға құрметпен қараудың, құқықтық нормаларды сақтаудың және жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызын атап өтті.

Жастардың көкейіндегі түрлі сұрақтарға құқық қорғау органдарының өкілдері нақты мысалдармен жауап беріп, құқықтық сауаттылықты арттырудың қоғам үшін қаншалықты маңызды екеніне ерекше тоқталды.

Бұдан бөлек Шымкент қаласында полиция департаменті мен әкімдіктің адам саудасының алдын алу бағытында бірлескен шараларды да жиі ұйымдастырылуда. Қаладағы әуежай, вокзал, автобекет және халық көп шоғырланатын нысандарда арнайы ақпараттық жадынамалар, парақшалар таратылып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қолға алынған. Бұл арқылы тұрғындар адам саудасының қандай қауіп төндіретінін, одан қалай қорғануға болатынын және көмек қажет жағдайда қайда жүгінуге болатынын нақты білуге мүмкіндік алмақ.

**БОПСАЛАУДЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ**

Тәртіп сақшыларының мәліметінше қоғамның қауіпсіздігіне қатыр төндіретін қылмыстар қазіргі уақытта негізінен әлеуметтік желілер арқылы кеңінен таралып жатыр. Сондықтан

шымкенттік құқық қорғау органдары әлеуметтік желілер арқылы ұйымдастырылатын бопсалау әрекеттерін жіті бақылауға көшкен. Мәселен күні кеше ғана құрамында екі қыз және үш жігіт бар қылмыстық топ пәтерге шақырылған жәбірленушілерді ұрып-соғып, ақша бопсалағаны әшкере болды.

Оқиға жедел-іздістіру шаралары барысында анықталып, барлық күдіктілер ұсталды. Ұялы телефондарынан осыған ұқсас бірнеше фактілер табылып, қазіргі уақытта басқа да жәбірленушілер анықталуда. Бұл – құқық қорғау органдарының жедел әрі кәсіби іс-әрекетінің нәтижесі екені сөзсіз.

Тәртіп сақшылары мен жергілікті билік органдары әлем елдерін алаңдатып тұрған терроризмге қарсы бағытта да кеңінен жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен 1 тамызда Шымкент қаласының білім беру ұйымдары басшыларымен «Террористік тұрғыдан осал нысандарды қорғау» тақырыбында кеңес өткізілді. Онда мектептердің инженерлік-техникалық жабдықталуы, бейнебақылау жүйелерін Жедел басқару орталығымен интеграциялау, күдікті зат табылған жағдайда әрекет ету ережелері толық түсіндірілді. Бұл шаралар – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кез келген қауіп-қатерге дайын болу және құқықтық жүйені жетілдіру жолындағы маңызды қадам екені даусыз.

**Майра ТОҚАНОВА,**  
Шымкент қаласы

ПІКІР

Сот актілерінің сапалы орындалуы азаматтарды әділдіктің орнайтынына, құқығының қорғалатынына сендіреді. Өз құқығын қорғау үшін сотқа жүгінген халықтың қалауы да осы. Алайда, сот шешімдерінің орындалмай, орта жолда қалағын кезі аз емес. Бұл міндетті орындау жүктелген жеке сот орындаушыларына да оңай тиіп жатқан жоқ.

## ӘР ІСТІҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҮР

Мұның бірнеше себебін көрсетуге болады. Біріншіден, қазір кез келген даулы мәселені сот арқылы шешуге тырысатындар көп. Бұл, әрине, құқықтық, зайырлы мемлекеттің басты ұстанымы. Десек те, сот арқылы құқығын қорғаушылардың көптігі атқарушылық құжаттардың да санын өсіруде. Сәйкесінше үлкен жүктемемен жұмыс істеу жеке сот орындаушылардың қызметіне кедергісін тигізеді.

Екіншіден, біздің қоғамда сот актілерін дер кезінде талапқа сай орындауға қатысты жауаптылық қалыптаспаған. Сондықтан азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеріп, өзіне жүктелген сот шешімдерін кешіктірмей орындау көзқарасын қалыптастыру кезек күттірмейді. Ал борышы барлардың осындай немкеттілігінің кесірінен азаматтардың сот жұмысына, мемлекеттік билікке деген сенімі төмендейді.

Қазіргі кезде де жеке сот орындаушыларының өндірісіне түсетін істер қомақты. Олардың жартысын мемлекет пайдасына өндірілетін айыппұлдар мен салықтар құраса, келесі бөлігін жеке және заңды тұлғалардың мүддесі үшін соманы өндіріп алу, алимент сияқты істер құрайды. Мұндағы әр істің артында адам тағдыры тұр. Сондықтан әрбір атқарушылық құжатты талапқа сай орындау жеке сот орындаушылардан үлкен жауаптылықты қажет етеді.

Жеке сот орындаушылар мемлекет пайдасына айыппұлдар мен салықтарды өндіру ісінде де табандылық танытып келеді. Ешкім өз еркімен мүлкімен бөлшексіз келмейтіні түсінікті. Мәжбүрлеп орындау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік функцияның бір бөлігі. Қарызды қайтару үшін мәжбүрлеп орындау шараларын қабылдап, борышкерлердің активтеріне тыйым салу, шектеулер



Маржан АДИБЕКОВА,  
Алматы облысы  
Іле ауданының  
жеке сот орындаушысы

қою, мүлкіті аукционға беру секілді жұмыстар атқарылады. Сот орындаушысы бұл функцияны жалғыз орындай алмайды. Әсіресе мүлкіті тәркілеуге және алып қоюға, үйден шығаруға, құрылыстарды бұзуға, борышкерді әкелуге қатысты істерді жеке орындау қиын. Мұндай шараларға атқарушылық іс-әрекеттердің барлық қатысушыларының құқықтық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сот орындаушысының шақыруымен ішкі істер органы қызметкерлері міндетті түрде қатысуы керек. Олардың келмеуіне байланысты сот орындаушысы көбінесе атқарушылық әрекеттерге жалғыз баруға мәжбүр болады. Құқық қорғау органдары жоқ жерлерде жанжалдар жиі кездеседі. Міне, осы мәселені бірігіп реттеуде құзырлы органдар белсенділік танытса, атқарушылық құжаттарды орындаудағы талай түйткіл тарқатылар еді.

ІШКІ НАРЫҚТЫ ҚОРҒАУ

## ИМПОРТТЫҚ ҚҰРЫЛЫС ТАУАРЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛУДА

Импорттық өнімді азайтып, отандық өндірісті дамытуда өнімді ісімен көзге түсіп жүрген компанияның бірі – «Арон и К». Алматы облысы Талғар ауданының Жалғамыс ауылында орналасқан бұл компания 2002 жылдан бастап бөлшек сауда бағытын белсенді дамытып, жай ғана дүкен емес, нағыз жабдықтау орталығын құрды. Ол кәсіби құрылысшылар мен мердігерлерге ғана емес, сонымен қатар жөндеу немесе құрылыс жұмыстарын бастаған жеке тұтынушыларға да сенімді тірекке айналды.

Бүгінгі таңда «Арон и К» – ортақ мақсатпен біріктірілген кәсіби мамандар командасы. Ол тұтынушылар мен серіктестерге кәсіби құралдар мен құрылыс материалдары са-

жоғары сапалы өнімдерінің кең таңдауын жасап, жыл сайын 3 млннан астам өнім бірлігін ұсынуда.

Алғашқы кезде бұл компания Ресейдегі 100 жылдық



ласындағы ең жақсы шешімдерді ұсынуда. Бұл бағыттағы миссиясы – серіктестер мен тұтынушыларды озық технологияларды пайдалана отырып жасалған және ең қатаң сапа стандарттарына сәйкес келетін жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз ету. Атап айтқанда 200-ден астам жетекші әлемдік өндірушілердің

тарихы бар LUGA ABRASIV зауытының ресми дилері болып жұмыс жасады. 20 жылдық бұл кезең тәжірибе жинақтау, серіктестікті дамыту және кәсіби құралдар индустриясына терең бойлау уақыты болды. Ал 2017 жылы осы бай тәжірибеге сүйене отырып, Нұрлан Каскадом батыл шешім қабылдап,

ALMATY ABRASIV брендімен абразивтік өнімдер өндірісін іске қосты. Осылайша компания тарихындағы жаңа кезең басталып, тәуелсіздікке, жаңашылдыққа және нарықтағы көшбасшылыққа жол ашылды. Бұл бастаманың артында бір мақсатпен бірігіп, құрылыс материалдары мен кәсіби құралдар саласында үздік шешімдерді ұсынуға ұмтылатын «Арон» командасы тұрды. Олардың миссиясы қарапайым, бірақ заманауи технологиямен жасалған және халықаралық стандарттарға сай жоғары сапалы өніммен нарықты қамтамасыз ету. Сол себепті 2023 жылы кәсіпкер жаңа жабдықтар сатып алып, айналым қаражатын толықтыру үшін Қазақстан халық банкі арқылы 21,75 пайызбен несие алды. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында «Даму» қоры осы несиемен 13,75 пайызбен ішінара субсидиялады. Нәтижесінде кәсіпкер қарызын тек 8 пайызбен ғана төлеуге мүмкіндік алды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## ЖАРНАМА

### ӘРТҮРЛІ

2. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

3. Орал қаласының №2 сотына Батыс Қазақстан облысының тумасы Асетқызы Асиядан 05.12.1993 жылы туған азаматша Қаниева Әселқаным Әсетқызын Батыс Қазақстан облысы, жұмыс орны және тұрғылықты жері белгісіз, хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы арызды түсті. Азаматша Қаниева Әселқаным Әсетқызының тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдар бұл туралы жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының №2 сотына хабарлауға міндетті.

5. «MyCar Point» ЖШС (БСН 250440030026) өзінің жарғылық капиталы 500 000 (бес жүз мың) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 263.

6. «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС (БСН 010740002558) өзінің жарғылық капиталы төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179-үй.

### ТАРАТУ

8. «West CrossFit» ЖШС (БСН 170140030058) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын ауданы, 28-үй, 3-пәтер.

9. «Әсет-АГРО 2020» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 200440004187) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылдық округі, Шұбарсу ауылы, Алабы Земляне, құрылым 258, индекс 160600.

10. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданының білім бөлімінің Ағаштыкөл бастауыш мектебі» КММ (БСН 030540001030) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Б.Байқадамов көшесі, 22-үй, тел. 8 (71440) 21446.

11. «Торбилет» ЖШС (БСН 230940007670) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Ақжелкен, Қайсар көшесі, 6/1, тел. +7 778 146 53 82.

12. «TNM Service» ЖШС (БСН 180140005168) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, шағын аудан 30, 166-үй, 28-пәтер, тел. +7(701) 644 78 38.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz  
«КАИРОС» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.  
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).  
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com  
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.  
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04  
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.  
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.  
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.  
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.  
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.  
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.  
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.  
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.  
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78  
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.  
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.  
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.  
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

### Баспасөз – 2025

#### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru



### МҰРАГЕРЛІК

4. 11.06.2025 жылы қайтыс болған Каиров Ахметжан Жапабаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.А. Жаукановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, №75/85-үй, 24-кеңсе, тел. 8 701 566 2266.

7. 07 ақпан 2025 жылы қайтыс болған Бейсенбиев Кыргызбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Д.Маметалиевке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Алатау қаласы, Қоянқұс ықшам ауданы, Б.Момышұлы көшесі, 61, тел. 8 707 705 04 90.

**БАЙҚАУҒА!**

**Айдауыл**

Жаңбыр себелеп тұр. Қисық Алдымда балшық кешіп, аяғын әзер алып жүріп келеді. Қолында кісен, аяғында аттың шідерінде сүйретілген ауыр шынжыр. Денесі ірі, иықты. Бұрын тұлғасы жұртты сескендіріп, жолына ешкім тұрмайтын. Қазір үкімі кесілген, үміті үзілген тұтқын. Көйлегі кірлеп, жағасы сөгіліп кеткен. Басын төмен салып, үш қабатты сот ғимаратының ауласында тұрған бес адамдық, ескі, сұр түсті әскери көлікке жеткенше жаны шығып кетпей қиналып келеді.

Сот жаңа ғана үкімді оқыды. Қасақана кісі өлтіріп, қарақшылық жасағаны үшін оны ату жазасына кесті. Мұның апелляциялық шағым беруге құқы бар. Сот үкімі оқылғанда залда отырған, басына ақ шыт тартқан ақ сақалды кісі еңкілдеп жылап жіберді. Әкесі күншілік жердегі ауылдан атпен келген еді. Сыртта, талға байлаулы тұрған жануар ара-тұра кісінеп қояды.

Басын жерден алмай, сүйретіліп көлікке әзер жеткен қылмыскердің көзі бір ноқатқа қадалып, тоқтап қалған секілді. Кірпігін қақпайды. Қан-сөлсіз қуаң жүзі балшықтан құйған мүсінге ұқсайды. Жүргізуші екеуіміз оны демеп, көлікке мінгіздік. Көлік ақ көбіктеніп шапшып аққан өзенді жағалап, автовокзал жақты бетке алды.

Алтай қаласы аңғар ішінде. Екі жағы тау, ортасын қақ жарып Қыран өзені ағады. Қала өзеннің екі жағын ала орналасқан. Шаһардың ені тар болса да, бас-аяғы ұзын. Автовокзал қаланың төмен жағында, одан әрі шынтақша иілген сай тағанында түрме бар. Көлік зулап келеді.


Ол қырылдаған дауысымен үн қатты:

- Айдауыл жолдас...
- Иә?
- Мен... мен біреудің, біреу болғанда үлкен кәсіпкердің пәтеріне басып кіріп, адам өлтіретіндей...
- Сот үкімін естідің ғой.
- Естідім, бірақ мен емес. Құдай ақы, ешкімнің қанын төккен жоқ.

Оның өлеусіреген жүзіне қарап, басымды шайқадым. Мені бұл танымаса да, мұны мен әбден білемін. Атын естісе, жылаған бала уанатын, Қисық деген лақап атымен алыс-жақынға аты мәлім – Қуан, Қисық Қуан. Бұл араққа бөгіп алып, көшеге шыққанда халық жарылып жол беріп, жан-жаққа қашатын. Бір ай бұрын Үрімжі қаласына барып қылмыс жасап, Алтайға келгенде ұсталды. Ұрлаған адамының ақшасын, қымбат заттарын алып кеткенімен қоймай, оны өлтірген. Бірақ ол қылмысын мойындамады, жазықсыз екенін дәлелдейтін де айғағы жоқ. Бұрын да талай қылмыстық іске шатылып, сотталған. Соның ешбірінен сабақ алып, тәубеге келген кезі жоқты. Енді жарық дүниедегі соңғы он күні қалғанда жынын алған бақсыдай күйге түскен түрі мынау. Неше рет сотқа апарып-әкеліп, күзет болсам да Қисық бүгінгідей аянышты халге түспеген еді. Саған аяулы өмірдің өзеге де тәтті, аяулы екенін білмеден артық азғындық бар ма екен.

Бүгін Қисықтың жазасы орындалады, атылатын күні. Неше күн бойы ол ояу жатқаны қайсы, ұйықтап жатқаны қайсы белгісіз, шалқасынан не қырынан жататын да қоятын. Мен абақтыға кіргенде ол аяғын салбыратып, төсегінде отырды. Маған селқос қарап, назар аудармады.

– Әкеңе айтар, тапсырарың бар ма? – дедім. Ол тесіле қарап, басын



**ЖУМЫЛЖ**

шайқады. Ұзақ үнсіздіктен кейін барып:

– Мен он күн бойы ұйықтаған жоқпын. Көзім жұмылса да, миым ұйықтаған жоқ. Уақыт өтпейді, әр минут азапқа салады. Күндіз бе, түн бе? Айырғысыз. Азап, азап теңізі, шет-шегі жоқ. Ішімнен талай адамнан кешірім сұрадым, кешіруін өтіндім. Бірақ ана өлген кісіден емес, оны мен өлтірмедім. Сол күні сол районда болғаным рас, бірақ қылмысқа қатысым жоқ. Мені кім ақтайды енді? Заң ба, Құдай ма? Маңдайыма басылған қарғыс таңбасы мәңгіге кетеді, – деп күрсінді ол дауысы тарғылданып. – Талай адамды қан-қақсаттым. Олардың көз жасын, обалын енді сезіндім. Кеш, енді кеш. Марқұм шешемді көп ойлады, ақ сүтін ақтамадым. Мен үшін бүгін соңғы рет күн шықты, ендігісі мәңгілік қара құрдым. Бір күнгі жарықтың құнын ештеңе алмастыра алмайды. Қанша айтсам да сен оны сезіне де алмайсың. Әкем, әкемнің де белі бүгілді...

Қисықтың көз жасы бұршақша домалады. Бірақ өксіп, булықпады. Мелшиген қалпы сарнап отыр. Мұндай жағдайды бірінші рет көріп тұрған соң, әрі қарай оның сөзін тыңдап тұра беруге жүрегім дауаламады. Сыртқа шықтым.

Жаза орындалатын уақыт та болды. Екі полиция Қисықтың қолын артына қайырып, тырыстырып байлады. Желкесіне басы жалпақ, соңы сүйірлеу келген тақтайша іліп, жетектей жөнелді. Түрме ауласында полиция көлігі қиқулап, шырағы жарқ-жұрқ етеді. Қисықты үсті ашық көлікке қарай алып жүрді. Көлікке таяған сайын ол аяғын тіреп баса алмай, бүкіл буыны босап, тұтас денесі салбырап қалғандай болды. Арты суланып кетті, кіші дәреті кетіп қалса керек. Полициялер Қисықты дырылдатып сүйреп, үсті ашық көлікке шығарды. Дауыс зорайтқышпен жаза орындалатын уақыт жеткенін ескертіп, тау етегіндегі жаза алаңына тартты.

– Соңынан еріңдер! – деді түрме бастығы.

Әскери көлікке келіп отырдым. Көлік ішінде басқа кім барына назар аудармадым, шерудің соңынан ердік. Жаза алаңына бірден жеттік. Төңіректі әскер мен полиция қор-

шаған. Қарапайым халық та жиналыпты. Полициялер Қисықты машинадан түсіріп, алаңның ортасындағы қазылған шұңқырдың жанына алып барды. Соттың адамдары үкімді қайтара дауыстап оқыды. Ысқырық шалынды. Жаза орындаушы жендеттер мылтықтарын серт ұстап, найзаларын шығарды. Жалау көтерілді. Дәл сол сәтте тағы бір қиқулаған полиция көлігі жаза алаңына келіп тоқтады. Көлік тоқтар-тоқтамастан іштен атып шыққан тергеуші жаза алаңына қарай жүгерді.

– Тоқта, тоқтаңдар! Міне, айғақ, міне, сурет!

Тергеуші прокуратура өкілінің алдына барып, қалтасынан ескі пленка суретті шығарды. Фотоаппаратпен түсірілген ескі пленка кадрлары. Онда қара түсті плащ киген, бетіне мата байлап алған екі адамның пәтерге кіріп бара жатқаны байқалады. Қылмыс болған кештің нақты сәті тіркелген.

- Мұны кім түсірген?
- Қарама-қарсы үйдегі жалғызбасты суретші. Сол түні көшедегі шуды естіп, терезеден қарап, суретке түсіріпті. Қолға енді тиді.

\* \* \*

Дым сезбей бір сәтке ұйықтаған Қисықты түрттім. Өлікттей сұлап, ештеңе естімейді. Жұлқылап жүріп ояттым.

– О дүние деген осы ма? – деді ол басын көтеріп.

- Жоқ, сен атылмайтын болдың.
- Айдауыл жолдас, мені атқан жоқ па сонда?
- Үлкен қылмыстық топтың ісі мойныңа жүктеліп, көз жұма жаздадың. Су ішерің бар екен қайта, сәл кешіккенде атылып кетер едің.
- Ол терең демалды да, қайта ұйықтап кетті.

**Тергеуші**

Көне файлдардың арасынан қолмен жазылған ескі анықтаманы таптым.

«С. Жақауұлы. Құпия бақылау. 1988 ж. Алтай – Бұлғын. Мақсат: заңсыз тасымал, қасқыр терісі, бұғы мүйізі және бензин. Байланыста – Тұрдыбек (Алтай), Манап (Бұлғын). Ақсандап басады, оң аяғы қысқа». Архивтен табылған бұл дерекке

іштей қатты қуандым. Тұрдыбек Қисықтың сырлығы досы екенін бұрыннан білетінмін. Кеш кіріп, жаңбыр төпелеп тұрса да түрмені бетке алдым. Қисықтың ұйқысы қанып, өңі кіріпті.

- Таңертең бізбен бірге жүресің, дайын отыр, – дедім оған.
- Қайда? – деді ол таң-тамаша болып.
- Сенің көне көздеріңнің ізіне түсеміз!

\* \* \*

Таң атып келеді. Тау басын бозамық тұман тұмшалапты, ауада салқын леп бар. Қисық пен сақшы Сағат үшеуіміз шағын әскери көлікке мініп, автовокзал жақты бетке алдық. Қисық терезеден сыртқа көз тастап, ой үстінде келеді.

– Тұрдыбек қайда?

Ол жүзіме аңтарыла қарап, иығын қиқаң еткізді.

– Соңғы рет Бұлғын жақтан келгенде сөйлестік. Шекарадан жүк өткізіп жүрміз деген. Бірақ мен олардың көлеңкелі іспен айналысып жүргенін білген жоқ. Сол кезде-ақ кетуім керек еді...

- Неге кетпедің енді?
- Олардың контрабандамен айналысатынын кеш білдім, мен жай олардың кейбір шаруаларына көмектесемін.
- Нақты қандай шаруаларға? – деп оған күлімсірей қарадым. – Бұл тергеу емес, екеуара әңгіме.
- Шаруа болғанда алып кел, барып келге шапқылау менікі. Мұның Үрімжіде болған қылмысқа қатысы бар ма сонда?

– Қатысы болуы да мүмкін. Жалғызбасты суретшінің сипаттауына қарағанда қылмыскердің бірі ақсақ Манапқа ұқсайды. Және олардың кәсіпкермен жолдары жиі тоғысады.

– Тұрдыбектің жай бандит емес екенін кеш білдім, бір кірген соң олардан іргенді аулақ салу да қиын екен.

– Әңгіме алда әлі, енді ештеңені бүгіп, жасырып қалушы болма, – дедім.

Ол келіскендей үнсіз басын изеді. Көлік автовокзал жақтағы ығығы жатаған үйлердің арасынан өтіп, шеткі көшедегі қос қабатты ескі үйдің алдына келіп тоқтады. Бұл – Тұрдыбектің анда-санда бас сұғатын үйі. Қақпаны тарсылдатып ұрдым, осы сәтте екінші қабаттағы үлкен терезенің пердесі қозғалғандай болды.

– Іште біреу бар! – деді де, Сағат аласа қақпадан асып түсіп, есікті

ашты. Қолына тапаншасын алып, үйге беттеді. Соңынан ердік. Үйдің кіреберісі тар әрі күңгірт.

– Сен осында күт! – дедім Қисыққа. Келесі бөлмеге өтуге Сағатқа ишара қылдым.

Сіз иісі мұңкіп, ыбырсыған кең бөлменің цемент еденінде шала күйген құжаттар, қытай иероглифмен жазылған белгісіз контейнер нөмірлері, бұрышта тот басқан тапанша жатыр. Шашылған жәшіктерді ақтара бастадым.

– Сатқын! Бізді сатып кеттің! Кіреберіс айқай-ұйқай болып кетті. Іле-шала тарс еткен дауыс естілді. Сағат тапаншасын кезеп, есік жаққа ұмтылды. Соңынан жүгірдім. Қисық өкпе тұсын алақанымен басып, жер сүзе құлапты. Саусақтарының арасынан қан сорғалап, еденге тамады. Қақпа тарс етіп жабылды. Сағат елбеңдеп қашып бара жатқан әлдекімнің соңынан қуып кетті.

**Қылмыскер**

Құмды далада адасып жүрген секілдімін. Көзім бұлдырап, ештеңені анық көре алмаймын. Аңқам кеуіп, бір жұтым суды аңсаймын. Таңдайым жабысып, тілім аузыма сыймай жатыр. Осынау құмды өлкені таспадай тілген асфальт жолды бір-екі рет жүріп өткенім болмаса, өмірі басқан, келген жерім емес-ті. Басып өткенде де мал басқан ЗИЛ машинамен жүйткіліп өте шыққанбыз. Жол шетіндегі бұйрат-бұйрат құм төбешік, қадау-қадау қарайған сексеуілден басқа ештеңе де көрмедік. Әйтсе де Алтайдан осы құмды алқапқа жеткенде машинадағы өркеші шабылған боз інгеннің зарлы үні төбте құйқамды шымырлатып еді. Қатты боздады. Күңіренген дауыс ертеде қарындасым қайтыс болғанда ешкімнің жұбатыу сөзін елең қылмай, көз жасы етегің жуған марқұм анамның сол бір зарлы жоқтауы секілді естіліп еді. Одан әрі тыңдауға дәтім жетпей, алақаныммен құлағымды тас қып жаптым. Рөлдегі Тұрдыбектің ағасы менің бұл қылығымды жақтырмағандай алая бір қарап, құжірейген мойным қозғап-қозғап қойған-ды.

Ұрланған малды Үрімжідегі базарға жеткізуге көмектесетін болдым сол жолы. Иендегі тас қорадан түнделетіп неше машина сиыр, түйе малын жолға салдық. Төбесі айқыш-ұйқыш сом темірмен жабылып, қаңылтырмен қапталған соңғы машинаға шудасы желкілдеген інгенді қанша әуреленсек те сыйдыра алмадық. Баладай екі дәу өркеші көлденең темірге тіреліп қала берді. Тұрдыбек айқайлап, боқтаңып жүр. Кенет ол қолындағы қылпып тұрған дәу қанжарын шөгіп жатқан інгеннің өркешіне сілтеп қалды. Өркештің сүйір ұшы алмадай домалап түсті. Көз ілеспес жылдамдықпен екінші өркешке де қанжар сілтеді. Жануар бақ етіп, атып тұрды. Үстің қан жауып кетті. Жігіттердің бірі тулақтай құрым киізді шала күйдіріп, өркешке жапты. Байқұстың түні бойы жағы семген жоқ, осы құмды алқапқа келгенде аңырады-ай келіп.

– Ау, – дедім ернімді жалап. Біреудің түрі бұлдыр-салдыр көріне бастады. Тергеуші секілді.

– Әй, Қисық, есіңді жи! Өлме! Біз таң атпай Тұрдыбектің үйіне келген секілді едік қой, неге жаза майданында тұрмын? Төңіректі әскер мен полиция қоршаған, қазылған шұңқырдың жанында тұрмын. Құлағым боздаған бір үн жетті. Жалау көтерілді. Бар пәрменімен: – Өлгім келмейді! – деп айқайладым.

– Есіңді жи, Қисық! Тергеушінің дауысы үңгір түбінен жеткендей құмығып естілді.

**Ырысбек ДӘБЕЙ**

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 8775335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5922 дана**  
**Апталық таралым 11844 дана**

Тапсырыс №9115 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31